

Құрметті студенттер, магистранттар мен докторанттар!

Сіздерді 17 қараша – Халықаралық студенттер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Студенттік шақ – біліммен қаруланып, ғылымға қадам басатын,
жаңа мүмкіндіктерді ашатын ең жауапты кезең.

Еліміздің ертеңі – сіздердің қолдарыңызда. Білімге деген талпыныстарыңыз бен ғылымға деген
қызығушылықтарыңыз артып, туған жердің дамуына үлес қосатын білікті маман болып
қалыптасуларыңызға тілектеспін!

Ізденіс пен еңбектің арқасында биік жетістіктерге жете беріңіздер!

Құрметпен,

Саламат Идрисов

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің
басқарма төрағасы-ректоры





РЕКТОР ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

6 қарашада Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы–ректор, профессор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов халық алдында 2024–2025 оқу жылында атқарған қызметі туралы есеп берді. Оған оқытушы ғалымдар, қызметкерлер, студенттер, жұмыс берушілер, мекеме басшылары қатысты. Кездесу барысында ректор университеттің өткен кезеңдегі жұмысының нәтижелерін ұсынып, алдағы даму бағыттарын айқындады. Өз баяндамасында ол білім сапасын арттыру, ғылыми және инновациялық қызметті дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ университет инфрақұрылымын жаңғырту мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды.

2024 жылы 31 ғылыми–зерттеу

жобасы іске асқан. Білім алушыға 11 категория бойынша әлеуметтік жеңілдік ұсынылып, есептік кезең ішінде бакалавриат және магистратура бойынша 2381 студент грантқа оқыса, оның ішінде, түрлі әлеуметтік топқа жататын балалар жергілікті әкімдіктің, «Қазақстан халқы» және «Freedom Шапағат» корпоративтік қорларының да гранттарын иеленген. Аталған кезең ішінде 84 студент пен 25 магистрант республикалық және халықаралық конкурстардың жеңімпазы атанған.

Келесі жылы Атырау университеті жанынан ашылған «Ұстаз» мектебінің ашылғанына бес жыл толмақ. Мектептің 2021 жылғы түлектері алдағы оқу жылында жоғары оқу орнын бітіріп, жас маман ретінде еңбекке араласады деп күтілуде.

Кездесу соңында жиналғандар университет ректоры С.Н.Идрисовтың атқарылған жұмыстар туралы есебін оң бағалап, сауалдарын қойып, ұсыныс–тілектерін жеткізді. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Өтепов оқу орнының ұжымына бір кездері осы мекемеде қызмет атқарған Кеңес Одағының батыры, танымал тұлға Қайырғали Смағұлов атындағы төсбелгіні табыстады. ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрлан Еркебаев оқу орнымен жасалған меморандумға сәйкес мемлекеттік қызмет жобасы табысты іске асып келе жатқанын, қазіргі күні оқу орнының 52 түлегі осы салада еңбек етіп жатқанын жеткізді.

Сол сияқты, «Зейін Атырау» ерекше балаларды дамыту

орталығының директоры Әнуар Бегісбаев та қызметкерлерінің 90 пайызын университет түлектері құрайтыны айта отырып, мұндағы әлеуметтік сала түлектерінің сапасын жоғары бағалады. Түлектер атынан сөз алған Бағдәулет Өміртай университеттің өзіне үлкен мүмкіндіктерін бергенін, осында алған білім нәтижесінде қазіргі күні Американың Бостон қаласында білім алып жатқанын айтты. Сондай-ақ, Назарбеков университетінің профессоры Дуйшон Шаматов жылы лебізін онлайн байланыс арқылы білдіріп, жиналысқа ата-ана ретінде келген Елеу Жұмабаев оқу орнының екі бірдей студент баласына ұсынып отырған сапалы білімі мен жан-жақты қамқорлығына алғыс айтты (толық есеп газетіміздің 8–9 беттерінде берілген).

«Тәртіпке бағынған құл болмайды»



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде студенттерге арналған «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында бірқатар іс-шаралар өткізілуде. Іс-шараның негізгі мақсаты — жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға деген құрмет пен

жауапкершілік сезімін қалыптастыру, сондай-ақ қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайту болып табылады. Шара барысында студенттер бір мезгілде тақырып бойынша диктант жазып, заң мен тәртіптің маңыздылығы дәрістер, бейнероликтер арқылы кеңінен насихатталуда. Сондай-ақ, «ЖАҢАРУ» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы Атырау облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен кездесу өтіп, онда құқық бұзушылықтың салдары мен алдын алу жолдары талқыланып, студенттер өзекті сауалдарына сала мамандарынан нақты жауап алды. Шара соңында университет ректоры С.Н.Идрисов құқық қорғау саласының өкілдерін жастардың құқықтық мәдениетін дамытуға қосқан үлестері үшін «Алғыс хатпен» марапаттады.



Альфия – Азия чемпионы!

Астана қаласында өткен пара дзюдодан Азия чемпионатында ел намысын қорғаған Альфия Тлекқабыл 52 келі салмақ дәрежесінде (J1 санаты) алтын медаль жеңіп алды. Альфия жарыс барысында жоғары шеберлік көрсетіп, қарсыластарын айқын басымдықпен қапы қалдырды: 1/4 финалда – поляк спортшысы Новиа Ларасатиді, жартылай финалда – отандасымыз Іңкәр Бауыржанды, ал финалда – өзбек спортшысы Фотима Тоированы жеңіп, Азия чемпионы атанды.

Бұл — Альфияның алғашқы ірі жеңісі емес. Ол 2023 жылы да Астанада өткен сары құрлық басекесінде 57 келі салмақта чемпион атанған болатын. Айта кетейік, Альфия Тлекқабыл — Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің 3-курс студенті. Альфияның бұл жеңісі – университет үшін үлкен қуаныш. Өз кезегінде басқарма төрағасы–ректоры Саламат Идрисов Азия чемпионатындағы жарқын жетістігі үшін Альфияны арнайы қабылдап, ыстық ықыласын білдіріп, алдағы додаларға сәттілік тіледі.

Тәрбие тамыры – ұлттық құндылықта

Инновациялық білім беру факультетінде психология және педагогика кафедрасының ұйымдастыруымен логопедтер күніне арналған шаралар легі өтті. Логопедия мамандығының құндылығын насихаттау мақсатында квест-ойын, шеберлік сағаттары, қонақ дәрістер, сонымен қатар, 4 курс студенттерінмен кураторлар ұйымдастырған «ПсихоЕнергия» мотивациялық семинар–тренингі болды. Студенттер күніне орай өткізілген бұл кездесу жоғарғы курс пен төменгі курс арасындағы шынайы байланыс пен рухани сабақтастықтың көрінісін ашты. Тәжірибесі толысқан 4 курс студенттері 1 курсқа жаңа серпін сыйлап, мотивация, өзін-өзі дамыту, ішкі энергияны басқару туралы әсерлі ойларымен бөлісті.

Шара аясында «Тәрбие тамыры – ұлттық құндылықта» атты интеллектуалдық сайыс өтіп, оған оқу орнының алты факультетінің студенттері қатысты. Қатысушыларға «Тәрбие әдістемесі» кітабы және ақшалай сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар, профессор Жаңылсын Сабирова бітіруші студенттер үшін университет түлегі, Атырау облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Мансия Сағидоллақызымен қонақ дәріс өткізіп, көшбасшылық пен кәсіби имидждің шынайы тәжірибесін бөлісті.

Тағы бір оң жаңалық – кафедра профессоры Сәлима Нұрмұқашеваның ұзақ жылдық ғылыми ізденісі негізінде заң психологиясы саласындағы еңбегінің бастадан жарық көрді. Сәлима Қайыржанқызы психология мамандығының студенттеріне Құқық қорғау органдарында психологиялық қызмет пәнінен өндірістік сала Атырау облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты арнайы контингент арасындағы тәрбие және әлеуметтік–психологиялық жұмысы бөлімінің мамандарын қатыстырып қонақ дәріс өткізді.





Оқу орны «Ізгі қаланы» есіме түсірді

Қасиетті Атырау өңіріндегі жоғары білім жүйесінің қарашаңырағы – Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдық мерейтойы алтын күздің тамаша күндерінде (қазанның 15-17-і) дүркіреп өтті. Осы айтулы мереке туралы ресми түрде көп жазылды, сондықтан жеке пікірімді баяндайын.

Мереке әдеттегідей бір ғана салтанатты жиынмен шектелмей, бірнеше маңызды іс-шаралар кешені бір мезгілде өтті. Олардың негізгілерін тізіп шығудың өзі оңай шаруа емес: Каспий аймағы университеттерінің Ассамблеясы; Досмұхамедов оқулары; Түлектер форумы; Әмин Тұяқовқа арналған спорт жарыстары; Шетелдік және қазақстандық университеттер жастарының кездесуі; Белгілі ғалымдардың дәрістері; Этноауыл көрмесі және тағы басқа ауқымды шаралар.

Олардың бәрі өте жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өту қажет. Университет ұжымы бір кісідей жұмылғаны айқын байқалды. Осы тұста әл-Фарабидің «Ізгі қала» ілімі есіме түсті. Фараби ғұламаның терминдерін қолданып айтсақ, ізгі қаланың тұрғындары (яғни, университет студенттері мен ұстаздары) өмірлік мақсатын (бақытқа жету) біледі, түсінеді, оған жетуге ұмтылады, себебі, осы мақсатқа жету жолын сілтейтін «Қала басшысы» (яғни, ректор Саламат Идрисов) бар. Іс-шаралар барысында байқағаным – университет ұжымының өз басшысына деген сенімі барлық жерде анық байқалып тұр, ұстаздар да, жастар да мерекеге формалды түрде емес, шын ниетімен, үлкен патриотизммен және энтузиазммен қатысты. Университеттің еліміздің озық ЖОО қатарында болуының басты себебі де осы ма деп қалдым. Саламат Нұрмұханұлы барлық іс-шаралардың тізгінін өзі ұстап, басы-қасында болды. Арнайы келген әрбір қонақты назарынан тыс қалдырмай, құрметтеуі де қазақтың тектілігі мен көргенділігінің Фараби айтқан «Қала басшысына» тән 12 қасиетпен үйлесімді ұштасуы деп ойлаймын.

«Досмұхамедов оқуларында жасаған баяндамамда университеттің қалыптасуына өзін 1980 жылы табалдырығын аттаған философия кафедрасының қосқан үлесі туралы айтып, қазір о дүниесік болған, сол кездегі кафедра меңгерушісі Серік Құсниденов, ұстаздар Қабдол Құрмашев, Салауат Қапизов, Қалжансара

Қизатова-Бенделиани, Марат Тәпішев, Антонина Беляя және басқа оқытушылар мен әдіскерлердің еңбегін атап өттім. Атақты кафедрадан қазір төрт адамның ғана көзі тірі: Өмірбек Бекежан, Азамат Кенжебаев, Берік Аташ және мен. Алдыңғы екеуі әлі күнге дейін сол кафедрада, философияның мықты білгірлері және ошақтың сенімді шырақшылары. Әріптестеріме алғысымды айтып, амандық тілеймін.

Университеттің біздің отбасымыздағы орны да ерекше. Үлкен ағам, ҚР генерал-лейтенанты Қайырғали Мырзабаев – осы университеттің түлегі. Үшінші ағам, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ақтөбе педагогикалық институтын 8 жыл басқарған Ғалымжан Нұрышев пен оның жұбайы, әлеуметтану докторы, профессор Гүлімхан Шөптібаева осы университет қабырғасында ұзақ жылдар қызмет етіп, оның өркендеуіне елеулі үлес қосты. Өзім университетте 16 жыл жұмыс істеп, білім мен ғылымға жолдама алып, жаңа белестерді бағындырдым. Университетке, қазақ ғылымына сіңірген еңбегімді бағалап, университеттің Ғылыми кеңесі «Атырау университетінің Құрметті профессоры» атағын берді. 2004 жылдан бері ресми “Профессор”, 2025 жылдың қыркүйегінен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Профессор-зерттеушісі» болсам да, бұл атақтың орны бөлек. Көп рахмет, алғысым шексіз!

Шәкіртім Айымгүл Салихованың студенттерімен танысу да қызықты болды. Студентіңнің студенттерінен, «апайымыздың апайын көргіміз келеді» деп келген жастардан алған гүл шоқтары да ерекше екен! Әйгілі Сарайшыққа университет басшылығы ұйымдастырған экскурсия да тағылымды болды.

Мерейтойға Франция, Иран, Польша, Ресей, Түркменстан, Әзербайжан және тағы басқа шетел мемлекеттері мен Қазақстанның ғалымдары қатысты. Айгүл Исмақова, Гүлтас Құрманбай, Бағдан Момынова, Алтай Тайжанов, Жамал Манкеева, Алмаш Сейдикенова сынды ғалымдармен жүздесу де мазмұнды болды. Туған өлкеммен, өзімнің алғашқы университетіммен қауышқаныма бірге қуанған жерлес ғалым-әріптестеріме де көп рахмет!

Мерейтой құтты болсын, Атырау университеті! Жаңа биіктерден көріне беріңіздер!

Гүлжихан НҰРЫШЕВА,
ардагер ұстаз

Құрметті ұстаздар, ардагерлер, студенттер мен магистранттар! Ардақты ағайын!

16-17 қазан күндері Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің тарихында ерекше іс-шаралар өтті. Тарихи, ерекше күндер болды десек, артық айтпағандық болар.

Бүгінде Атырау өңіріндегі бірден – бір қарашаңырақ – Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетіне – 85 жыл. Осы атаулы датаға арналған «Жемісті еңбек, даңқты белес, сенімді келешек» салтанатты жиынына шақыруымызды қабыл алып, салтанатты шараға келген баршаңызға шын жүректен алғысымды білдіремін.

Өздеріңіз танысып-білгендей, университет тарихы 1940 жылдан басталады. Алғаш оқу жылын 1940-1941 оқу жылында 122 студентпен бастаған 2 факультеттен бастаған институт бүгінде еліміздің батыс аймағындағы белгілі университет. Университеттің Хисмет Табылдиев атындағы тарих, археология және этнология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері 2020 жылдан бастап оқу орны тарихын ішкі университеттік жоба арқылы зерттеп, еліміздің архивтерінен тың деректер тапты. Университеттің 1940 жылы 1 қыркүйекте алғашқы оқу жылын бастағанын құжаттар арқылы дәлелдеді. Алғашқы ректоры (директоры) Әбді Тұрсынбаев тағайындалғаны, 1940-1941 оқу жылындағы университеттің тыныс-тіршілігі, атқарған қызметі туралы «Құжаттар жинағы» жарық көрді. Ол ертең 17 қазанда болатын «Досмұхамедұлы оқулары» Халықаралық ғылыми конференциясында таныстырылатын болады.

Оқу орнының екінші кезеңі 1950 жылдан басталады. 1950-1980 жылдары оқу орны Атырау облысынан басқа көршілес Маңғыстау облысы мен Ресейдің Астрахан облысына да педагог кадрлар дайындады.

Осы 85 жыл ішінде университеттің өсіп, өркендеуіне алғашқы басшысы Тұрсынбаевтан бастап, ректорлар Құспан Темірғалиев, Сүгірбай Байтықов, Бәкір Білеубаев, Қадыр Жаманбаев, Садырбай Қожабаев Сәндү Дүймағамбетова, Ғапуrolла Дайыров, Ерен Сахипов, Нәжімен Күнқожаев, Жамбыл Ақылбаев, Хисмет Табылдиев, Асхат Иманғалиев, Алтай Қазмағамбетов, Киікбай Жаулин, Бейбіт Мамраев, Абзал Талтенов дәстүрлерді жалғастыра отырып, өз үлестерін қосты.

Осы жылдар арасында республикаға аты танылған жергілікті ғалымдар мектебі қалыптасты. Бүгінде атыраулық ғылыми ортаны жасаған ғалымдар Сейталиев, Нәубетжанов, Айдаралиев, Мухамбетжанова, Шәкібалиев, Бакиев, Нығметов, Кайрбекова, Қыдыралин, Амангосов, Баяндиев, Имашев, Алдабергеновтер, Шахманов, Алдамжаров, Жүсіп, Қаражігітова, Барсай, Джанзакова, Сағындықова, Кенжегулов, Ахмет және басқа да көптеген ғалымдардың ғылыми мектебі пайда болды. Кейінгі жылдары жас ғалымдар қатары да көбейіп келеді.

85 жылдық аясында университет тарихына арналған профессор Қадыр Жүсіптің университет тұлғаларына арналған монографиясы, профессор Сания Ибрагимқызы Камелованың монографиясы, профессор Аққали Ахметтің редакциялауымен «Құжаттар жинағы», университеттің тарихы мен профессор-оқытушылары туралы энциклопедия жарыққа шықты. Осы жұмыстарға атсалысқан барлық ұжымдастарға алғыс айтамын.

Тәуелсіздікпен бірге Гүрьев педагогикалық институты еліміздің батыс өңірінде алғаш болып университет статусын алды, көп салалы университетке айналды, алаш ардақтысы Халел Досмұхамедұлының есімі берілді, халықаралық байланыстары кеңейді.

Құрметті салтанатты жиынның қонақтары, университеттің 85 жылдығына алыстан – жақыннан келген ниеттес әріптестер, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінен Ақерке Абылайханға, Руслан Емелбаевқа, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен келген ғалымдарға, Абай университетінен, Қазақ ұлттық қыздар университетінен келген, жалпы осы мерейтойға өз өкілдерін жіберіп, құттықтаулар жіберген еліміздің жоғары оқу орны басшыларына, барлықтарыңызға шын жүректен университет ұжымы атынан ризашылық білдіремін.

Біздің Университеттің миссиясы – Атырау облысының зерттеу және білім беру саласында инновациялық оқытудың, экологиялық мәдениеттің озық тәжірибесін жасау тұрғысынан елімізде жетекші орын алуға қабілетті зияткерлік капиталды қалыптастыру. Біз – осы мәртебелі міндетті іске асыруға ұжымның бірлігі мен ынтымағы арқасында бірге қол жеткіземіз! Мен Атырау университетінің барлық оқытушы-профессорына, ардагерлеріне, қызметкерлеріне шын жүректен алғысымды жеткіземін!

Биік белестерге бірге, келешекке сеніммен қадам жасаймыз!

Университет мерейтойы құтты болсын!

С.Н.Идрисов
Х.Досмұхамедұлы атындағы
Атырау университетінің
басқарма төрағасы-ректоры

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына құттықтаулар



АДАМДЫҚ ПЕН МАМАНДЫҚ ҚАТАР ЖҮРГЕН

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығы құтты болсын!

Бұл 85 жыл – Сіздердің ерен еңбектеріңіз, жауапты іс-қимылдарыңыздың арқасында елімізге танымал Білім мен ғылым Ордасына айналған шағыңыз.

85 жылдар ішінде университетіңіз болып-толудың қиыншылықтарын жеңуде, мың өліп, мың тірілген енді өлмейтін Мәңгілік Ел болу үстіндегі елімізге ұқсайды. Яғни, Университетіңіздің рухы мықты; материалдық, экономикалық, рухани өсіп-дамудың, өз істеріне жан-тәнімен берілген сапалы мамандар дайындау Көзіне айналды.

Оқу орнына әрі қарай да білімді, білікті, тәлімгер, дана ұстаздар дайындауда, көпфакторлы әлемде еркін өмір сүріп, басқа елдердің де ғылым-білім тәжірибелерімен бөлісе алатын талапты, талантты, замани жас кадрлар дайындауда сәттілік тілейміз.

Мен осы университеттен ҚазҰУ-нен жас маман болып келіп, 22 жыл бойы білмегенімді тәжірибелі ұстаздардан біліп, қателессем, қателерімді сол ұстаздарға абайлап қарап үйреніп, бай-бағалы,

айқын үлгілеріне қарап жойып жүрдім. Сөйтіп, олардың өз қолдарымен таққан «Құрмет Белгісі» орденіне лайық ұстаз болуға тырыстым. Жетілдім. Жақсы ұстаз атандым. Бұл жерде мен өзім туралы емес, Атырау университетінің ұстаздарының тәлімгер ұстаздар екенін айтып отырмын. Алғысым шексіз! Атақ-даңқтарыңыздың арта беруін тілеймін!

Өмірдегі бар жақсылық - тілегім!
Сөзбен айтып жеткізе алман, білемін.
Екі жолдың ортасындағы ақ жолдан,
Жетпегенін оқисыз деп сенемін.
Еңбегіңіз еш кетпесін, ақталсын!
85-те бек баянды бақ қонсын!
Армандарды шәкірт, ұрпақ жалғасын!
Жете алмастай межелерің болмасын!

Атырау Университеті Екінші Өз Үйіміз болуға әбден лайық. Бұл Университет тек білім беріп қана қоймайды, «Әуелі АДАМ бол, содан кейін МАМАН бол» деген халқымыздың дана қағидасына лайық әлеуметтік, экономикалық, әсемдік-эстетикалық,

кәсіби шығармашылық, т.б, тәлім-тәрбие де береді.

Менің ағам Қуандық, сіңлім Тәрбие (Жұмановтар) зейнеткерлікке кетпей, өмірлерінің аяғына шейін осы университетте еңбек етті. Олардың қандай Адам, қандай Маман-ұстаз екендерін оқытқан студенттері ғана емес, әріптестері ғана емес, бүкіл Атырау біледі. Менің өмірлік жан жарым Дияров Дінішті қосқанда бұл университетте төрт ағайынды жандар ешқандай қызғанышсыз, керісінше, қолдаушы, қорғаушы, тонның ішкі бауындай бауырлас болып еңбек еттік. Сіздер мен Біздер бір-бірімізге өсу-өркендеу ғана сыйладық.

Барша жақсылықтарыңыз үшін шын ниеттіммен құттықтап, ақ басымды иемін!

Зейнеп Жұманқызы,
физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, «КСРО Құрмет белгісі» орденінің иегері, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг» университетінің ардагері, Ақтау қаласы

ПРАЗДНИК НА НАШЕЙ УЛИЦЕ

Два дня официальных мероприятий в рамках празднования 85-летия Атырауского университета им. Х. Досмухамедова насыщены множеством значимых встреч, заседаний и совещаний, экскурсий, культурных, спортивных событий, обсуждением важных вопросов, актуальных не только для нашего университета. В Атырау приехали не просто гости-друзья, желающие разделить нашу радость - университет встречал партнеров по Ассоциации университетов и научно-исследовательских центров прикаспийских стран, ведь на базе нашего вуза состоялась XXVII Генеральная Ассамблея Ассоциации.

Тема нынешней Ассамблеи – «Экосистема Каспия: интеграция науки и образования». Среди обсуждавшихся и решавшихся вопросов – значимость образовательных, научных и культурных связей, приоритетные направления дальнейшей совместной деятельности, пути эффективной реализации научных исследований и образовательных программ, подписание ряда меморандумов о сотрудничестве.

Научные исследования будут направлены на улучшение экологической ситуации, восстановление морской экосистемы и сохранение биоразнообразия, а также предусматривается реализация мероприятий по продвижению языков и культур стран-членов Ассоциации.

Состав Ассоциации пополнился несколькими новыми университетами. В университете были торжественно открыты 2 новые именные аудитории – в память об алашеведе, докторе филологических наук, профессоре Гарифолле Кабдолкаировиче Анесе и в честь писателя, ученого-этнографа Зейноллы Мубаракулы Саника. На кафедре музыки и искусства факультета гуманитарных наук и искусства состоялась творческая встреча с заслуженным деятелем культуры Казахстана, известным дирижером, күйши и педагогом Ораком Жауырулы.

На кафедре казахского языка и литературы состоялись познавательные гостевые лекции. Наша кафедра с грустью расставалась с гостьей из Ирана – Севиндж Габилевной, к которой успели привыкнуть и полюбить за время ее командировки по линии академической мобильности. А у наших первокурсников – праздник посвящения в студенты.

В преддверии празднования состоялась акция «Фонд знаний: ваша книга — наше наследие», в ходе которой научной библиотеке университета профессорско-преподавательским составом было подарено около 1000 книг.

Вчера же стартовал республиканский студенческий форум «SENIMMEN BIRGE». На университетском стадионе были установлены шесть юрт, названных в честь выдающихся личностей казахского народа — Абая. Каныша Сатпаева. Халела Досмұхамедова.



Макаша Бекмухамбетова, Жумекена Нажимеденова, Кажымукана Муңайтпасова. Здесь были представлены элементы национальных традиций и культуры, демонстрирующие гостеприимство и духовное богатство казахского народа. Студенты, бывшие со всех уголков страны, в этноауле смогли попробовать национальные блюда, познакомиться с народным искусством и насладиться традиционными спортивными играми.

Как обычно, не остались без внимания и ветераны: в актовом зале им были вручены различные награды в честь праздника. А вечером в областном драматическом театре имени Махамбета состоялось торжественное мероприятие, на котором был показан фильм об истории университета, звучали поздравительные речи от руководства области, министра науки и высшего образования Казахстана, ректоров вузов прикаспийских государств, представителей университетов со всех регионов страны, состоялась награждение ряда сотрудников университета, среди которых много преподавателей и нашего факультета полиязычного образования, и нашей кафедры русской филологии, был дан отличный концерт.

Не менее насыщена и содержательна программа сегодняшнего дня: Форум выпускников, областной марафон в честь Амина Елемесулы Туякова – выпускника Атырауского университета 1960 года, ветерана спорта, Почетного гражданина Мангистауской и Атырауской областей, Почетного профессора университета. пленарное и секционные заседания

международной научно-практической конференции «Досмухамедовские чтения – 2025: тенденции развития современной науки и образования», поездка в в государственный музей-заповедник «Сарайшык» и ознакомление гостей с достопримечательностями нашего города.

И среди всей этой праздничной, организационной кутерьмы мне подумалось: вот мы говорим «славная история», «вуз с 85-летней историей», но ведь и мы сами часть этой истории! Каждым своим рабочим днем, своим трудом мы творим эту историю, и с каждым закатом солнца еще один кусочек нашей жизни уходит в прошлое, становясь не только нашей личной историей, но и историей родного вуза. Историей, в которой уже ничего не изменишь, а потому надо стараться любой ее миг прожить максимально наполненно – для того, чтобы быть достойными своих великих предшественников, чтобы стать таким же примером для своих воспитанников.

Когда-то очень давно я пришла в этот вуз совсем молодой восторженной девушкой, и вот уже за плечами более сорока лет педагогической работы. Пройден немалый путь профессионального становления от выпускницы с красным дипломом – ассистента преподавателя до профессора кафедры. Все эти годы я активно участвовала в общественной жизни, стояла у истоков создания пресс-службы университета, была ученым секретарем Ученого совета, руководила кафедрой. Много замечательных людей шли вместе со мной на этом прекрасном пути, много ярких событий мы прожили вместе, много полезного совершили с коллегами за все эти годы. И можно по праву сказать словами поэта: «Радуюсь я — это мой труд вливается в труд моей республики!». Мой труд был по достоинству отмечен множеством наград, но во все времена, на каждом этапе педагогической стези наивысшей и лучшей наградой были любовь, уважение и память коллег и студентов.

Я из учительской династии, и вся моя жизнь – подтверждение того, что это лучшая в мире профессия. А наш университет зарождался именно как учительское учебное заведение. В ком-то из своих подопечных мы пробудим творческие способности, кого-то вырастим до чемпионов в спорте, кого-то за руку введем в прекрасный мир науки, кого-то сформируем замечательными педагогами. Но самое главное – мы воспитаем их достойными гражданами нашей страны, работающими на благо своей родины и помнящими, откуда они родом, любящими и прославляющими свою Alma-mater.

Жарқын КЕНЖЕБАЕВА,
кандидат филологических наук, профессор



ГУРЬЕВ МЕМЛЕКЕТТІК МҰҒАЛІМДЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ БАСТАУЫ



Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында жоғары оқу орнын ашу туралы мәселе Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңнің өзінде облыс мектептері мен басқа да халық ағарту орындарына мұғалім кадрларына деген қажеттілік күннен-күнге арта түсуіне байланысты күн тәртібіне қойылған болатын. Қалада 1929 жылы ашылған бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық училищеден басқа бірде-бір оқу орны болған жоқ. Батыс Қазақстан өңірінде 1932 жылы ашылған Орал педагогикалық институты бүкіл өлкенің жоғары білімді мұғалім кадрларына деген қажетін қамтамасыз ете алмады. Жылма-жыл облыста жалпы білім беретін мектептердің саны өсіп отырды. Ал республика жоғары оқу орындары мен Қазақстаннан тыс жерлердегі көршілес республикалардан жіберілген жоғары білімді маман кадрлар жеткіліксіз болды.

1939 жылдың 13 қазан күні Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Гурьев қаласында екі жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы «Гурьев облысының шаруашылық және мәдени құрылысын дамыту жөніндегі іс-шаралар туралы» N 720 қаулысы жарық көрді. 1940 жылдың қыркүйек айының 1-нен бастап Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Институтқа 123 студент қабылданып, оның 83 қазақ, яғни 67 пайызын құрады. Бұл сол уақыт кезеңімен қарағанда үлкен жетістік болатын. Бұны архив деректері нақтылай түседі.

...1938 жылдың 15-қаңтар күні құрылған облыс орталығы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің және Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының бекіткен мамандықтары бойынша 1 курсқа 120 студент қабылдау туралы қаулысын басшылыққа алған Еңбекшілер депутаттары Гурьев облыстық атқару комитеті 1940 жылдың 1 қыркүйегінде 2-жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы сол жылдың 20 мамыр айында N13 шешім шығарған. Шешімге Еңбекшілер кеңесі облыстық атқару комитетінің төрағасы Қ.Тастайбеков пен хатшының уақытша міндетін атқарушы Нестрев қол қойған. Қабылданған шешім бойынша жаңадан ашылатын мемлекеттік мұғалімдер институтына қаладағы педагогикалық училищенің оқу ғимаратын беруге, алынған училищеге бұрынғы В.И.Ленин атындағы бастауыш орта мектептің ғимаратын беруді және 120 студентке арналған жатақхана ғимаратын қарастыру Гурьев облыстық атқару комитетіне жүктеледі. Сонымен бірге, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесіне 1941 жылдың жоспарына институтқа жаңа оқу корпусын және 500 орындық студенттер жатақханасын салу өтінішін білдірді. Институт тарапынан берген сұраныс бойынша «Қазақкітап» орталығының директоры Алексеевке институттың кітапханасына қажетті оқу құрал жабдықтар, оқулықтар және әдебиеттермен қамтамасыз ету міндеттелді. Облыстық оқу бөлімінің бастығы И.Сержановқа институтты ашуға дайындық және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін, біріншіден,

1 маусымнан бастап институтқа дайындық курстарын ұйымдастыру, екіншіден, Қазақ үкіметінің бекіткен жоспары бойынша институтты толық студенттер құрамымен, яғни 120 студентпен қамтамасыз ету, үшіншіден, профессор-оқытушылар құрамын іріктеп, жасақтау, төртіншіден, оқу құралдарымен, оқулықтармен, әдебиеттер мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жүктеледі. Қабылданған шешімнің негізінде облыстық оқу бөлімінің бастығына шұғыл түрде институттың директоры мен директордың оқу және ғылыми істері жөніндегі орынбасарын сайлап, Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариаты мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Жоғары мектеп істері жөніндегі комитетке бекітуге ұсыну міндеті қоса жүктелген. Орталық, облыстық, қалалық мемлекеттік архивтері қорларымен жұмыс барысында институттың 1940 жылы құрылып, жұмыс жасағаны туралы құжаттар табылды.

Архивте сақталған құжаттар арқылы тарқатсақ, Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының тұңғыш директоры болып 1928-1931 жылдары Алматы мал дәрігерлік техникумында, жұмысшы факультетінде, 1931-1932 жылдары Ташкенттің жоспарлау-экономика институтында оқыған, 1937 жылы Москваның Г.М.Кржижановский атындағы мемлекеттік жоспарлау және экономика институтын бітірген, көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы (1957), профессор (1958), Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, қасиетті Түркістан қаласында дүниеге келген Әбді Бошынұлы Тұрсынбаев жолдамамен келді. Институт директоры Ә.Б.Тұрсынбаевтың Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының ұйымдастырылуы туралы Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатына берген есебінде 1940-1941 оқу жылында студенттер контингенті 120 студент болып жоспарланғанын: тарих факультетіне 60 студент, тіл және әдебиет факультетіне 60 студент оқуға қабылдануға тиісті болды. Есеп бойынша институтқа түсуге 152 талапкерден арыз түскен, соның 122-сі оқуға қабылданған. Бір қызығы институттың мөрі мен төрткіл мөрінде (штамп) латын ғарпімен «Гурьев мемлекеттік оқытушылар институты» деп нақты да айқын көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорындағы N 1692 Қазақ КСР Оқу ағарту министрлігі қорындағы істерде Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институты тарихына қатысты көптеген құжаттар табылып, қарастырылды. Аталған қорлармен жұмыстың нәтижесінде институттың тарихына тікелей қатысты, бұрын беймәлім болып келген көптеген құжаттар табылды. Осы құжаттардың негізінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті бастауын айттып, жазып жүргеніміздей 1950 жылы емес, 1940 жылдан өз негізін алатындығы нақты дәлелденді. Мысалы, N1692 Қазақ КСР Оқу ағарту министрлігі қорының N353 ісінде Гурьев мұғалімдер институтының алғашқы директоры, кейін экономика ғылымдарының кандидаты, тарих

ғылымдарының докторы, профессор Әбді Бошанұлы Тұрсынбаевтың Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатына 4 қыркүйек 1940 жылы жолдаған жеделхатында 2-қыркүйекте институт базасында алғашқы сабақтың басталғанын, сабаққа 122 студенттің кешікпей келгенін хабарлайды.

Архив қорында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Ағарту Комиссариатына Гурьев мұғалімдер институтын ұйымдастыру туралы институт директорының 16 қыркүйек 1941 жылғы есебі сақталып, хатталған. Есепте, біріншіден, институтқа түлектерді қабылдау, екіншіден, кадр мамандармен қамтамасыз ету, үшіншіден, оқу ғимараттарымен қамтамасыз ету және жабдықтау, төртіншіден, оқытушылар мен студенттерді тұрғын үймен және жатақханамен қамтамасыз ету, бесіншіден, студенттерді тамақтандыру мәселелері, алтыншыдан, институтқа құрал-жабдықтар және қажетті оқу әдебиеттерін алу, жетіншіден, институт базасын отынмен қамтамасыз ету туралы жан-жақты мәліметтер берілген. Сонымен бірге архив қорларында сабақтардың өтуі және сапалы өтуіне ерекше мән берілгендігі туралы мәліметтер де сақталған. Институт құрылған кезеңде тарих пен тіл және әдебиет факультеті, яғни екі факультет жұмыс жасады.

Институт ғимараты бұрынғы педагогикалық училищенің екі қабаты ғимаратында орналасқан. Барлығы 9 бөлме, оның 5 бөлмесі екінші қабатта, 4 бөлмесі бірінші қабатта орналасқан. Жоғары қабаттағы екі бөлме және төмендегі үш бөлме аудитория болып жабдықталды. Үлкен, жарығы мол бөлмеде институт кітапханасы орналасты. Шағын бір бөлме директор кабинетіне, тағы бір бөлме оқытушылар бөлмесіне берілген. Институт ғимаратының төменгі қабатында оқу бөлімі меңгерушісі, хатшы, әскери кабинет жабдықталды. Оқу ғимаратына жақын жердегі шағын үйде бухгалтерия және шаруашылық бөлімі орналасқан. Өкінішке орай, оқу залы болмады. Дегенмен де, институт әкімшілігі екінші қабаттағы коридордың түпкі бөлмесін қайта

тамақтандыру мақсатында облыстық сауда мекемесімен келісім шарт жасакталды. Мейрамхана күнделікті сағат 12.00-ден кешкі сағат 7-ге дейін студенттерді әртүрлі ассортимент тамақпен қамтамасыз ету қарастырылған. Бұл үшін институт 8 мың сом қаражат төлеуге тиіс болды.

Кітапхана қорын қажетті әдебиеттермен толықтыру мақсатында сметадан 10 мың сом қаражат қарастырылды. Институт ашылған уақытта 6 мың сомға кітаптар сатып алынған. Психология, тілге кіріспе, ежелгі және орта ғасырлар тарихы пәндерінен оқулықтар жетіспеушілігі де назарға берілген. Осы олқылықтардың орнынын толтыру мақсатында Москва, Ленинград кітапханаларынан, облыстық кітапханадан ВКП (б) тарихының 60 дана орысша, 40 дана қазақшасы алдырылған. Бағдарламаларымен толық қамтамасыз етілмегендіктен, Москваға сұраныс берілген. «Қазақкітап» орталығы арқылы әртүрлі әдебиеттер мен газеттерге жазылу жүргізілген. Қысқы маусымға 100 мың тонна көмір, 80 кубометр отындық ағаш сатып алынды.

Архив деректері бойынша анықталған Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтының алғашқы студенттері: Абросимов, Н.Калмыкова, М.Қ. Абаканова, Есқайыров, Ғ.Бейісов, Кабулов, Б.Саппаев, Малыгин, В.Хохлов, Жанесенов, Т.Искариева, Венгер, Е.Верин, Киселова, К.Илеуов, Харитонов, С.Утемисова, Свежинина, Жоламанов, Костерин, Губаева, Марданов, Сакпаев, М.П.Зубов, Н.Қаржауов, Кабдулов, Ғ.А.Погадаев, Шестогин, Өтемісов, А.Шәрипов, М.Таупихова, Т.Оразғалиев, К.М.Симановская.

Институтта студенттердің күшімен құрылған орыс, қазақ әдебиеті үйірмесі жұмыс жасады. Әсіресе орыс әдебиеті үйірмесінің жұмысы нақтылы жоспармен жүріп тұрды. Бұдан 85 жылдан астам уақыт бұрын Атырау қаласында тек қана қазақ жігіттерінен құралған футбол командасы болды. Екі жылдық мұғалімдер институты студенттері негізінде ұйымдастырылған бұл команда «Буревестник» деп аталды, капитаны, тарих факультетінің студенті



жабдықтап, жарық орнатып жинақы да жарық зал жасақтаған. Оқуға қабылданған студенттер контингентіне аталған ғимараттың толық қанағаттандыратындығын алға тартады. Бөлмелерге 100 стол, 150 орындық сатып алынған. Жатақхана үшін 90 кереует пен матрац алынды. Тарих, тіл және әдебиет кабинеттеріне 10 мың сомға кітаптар мен көрнекі құралдар сатып алынды. Институт директоры жоғары органға жазған қатынас қағазында алдағы уақытта институтқа жаңадан ғимарат салу жөніндегі ұсынысын білдіреді. Студенттерді жатақханамен жабдықтау мәселесі де оң шешімін тапқан. Алғашқы да қалалық кеңестің тарапынан Жамбыл атындағы мектептің үлкен жатақханасы студенттерге беріледі. Бірақ, кейін облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің шешімімен бұл ғимарат телефон станциясына берілген. Кейін Халықшаруашылығы есебі мекемесінің ғимаратына 40 студент, партия курсы жатақханасына уақытша 40 студент орналастырылды. Ал оқытушыларға жаңа салынып жатқан ғимараттан үш бөлмелі екі үй қарастырылған. Студенттерді

Б.Саппаев болды. Кезекті 1941-1942 оқу жылында Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институтына 120 студент қабылдау жоспарланған. Жоспарды Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссары М.Әбдіхалықов бекіткен. Өкінішке орай, 1941 жылдың 22 маусым күні Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты Гурьев мемлекеттік мұғалімдер институты Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1941 жылғы 9 тамыз N672 қаулысы негізінде Орал мұғалімдер институтына қосылды.

Бұл деректік құжат Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві және Атырау облыстық мемлекеттік архиві қорларында сақталған. Институттың оқу ғимараттары, кітапханасы және дүние-мүліктері Гурьев педагогика училищесі балансына берілді. Аталған қаулыға Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары П.Орехов пен Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі Іс басқарамасының меңгерушісі Н. Күзембаев қол қойған.


Аққали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор

6

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетіне 85 жыл

Қараша, 2025 жыл

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
85 жылдығына құттықтаулар



ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

Факультет өз тарихын 1950 жылы құрылған мұғалімдер институтынан бастайды. 1963 жылы «Жалпы биология» бөлімі физика–математика факультетінде болып, бұл бөлімді аға оқытушы И.Ищанов басқарды. 1964 жылы осы мамандыққа 50 абитуриент қабылданып, «Жалпы биология» бөлімі екі кафедраға бөлінді. Химия кафедрасын аға оқытушы М.Шакиров және «Биология» кафедрасын аға оқытушы Қ.Әжіғалиев басқарды. 1967 жылы аталған мамандық физика–математика факультетінен бөлініп, өз алдына дербес факультет болып құрылып, оның деканы болып аға оқытушы Қ.Әжіғалиев сайланды. Өз алдына құрылған факультет «Биология және ауыл шаруашылығы негіздері» деп аталды. 1997 жылдан бастап «Жаратылыстану–жағырапия» факультеті, 2002 оқу жылынан бастап «Жаратылыстану» факультеті деп аталды. 2014–2015 оқу жылында физика – математика факультетімен бірігіп Жаратылыстану ғылымдары факультеті болып аталды. 2015–2017 оқу жылдары белгілі себептермен факультет Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары болып құрылды. Алпыс жылдан астам тарихы бар факультетте жаратылыстану, педагогика және ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша 5 мыңға жуық студент күндізгі бөлімде білім алған. Бүгінде олар өндірістің әртүрлі салаларында және мектептерде еңбек етуде. Олардың 35–тен астамы ғылыммен айналысып, доктор және ғылым кандидаты дәрежелерін алды. Қазіргі уақытта факультетте 4 арнаулы кафедра жұмыс жасайды. Бұл кафедраларда 2024–2025 оқу жылы басынан бері 470 оқытушы, оның ішінде 3 ғылым докторы, академик, 11–ғылым кандидаттары, доцент, университеттің академиялық профессоры, PhD – 8, 20–магистр, яғни факультеттің ғылыми әлеуеті – 41,5 пайызды құрайды. Ғылым мен білім беру саласындағы жаһандық трендтерге сай, барлық бағыттар бойынша жаңғыру біздің факультетке де өз әсерін тигізіп, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Оқу бағдарламалары мен әдістемелері заман талабына сай жаңартылып, студенттердің сыни ойлау, проблемаларды

шешу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдер енгізілді. Дуалды оқыту жүйесін енгізу арқылы студенттердің теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік жасалды. Факультетте ғылыми зерттеулерге басымдық беріліп, студенттер мен оқытушылардың ғылыми жобаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Факультетте ғылыми зерттеулерге ерекше көңіл бөлінеді. Студенттер мен оқытушылардың бірлескен ғылыми жобалары жоғары бағаланып, жүлделі орындарға ие болуда. Мысалы, экология білім бағдарламасының студенттері А.Сағынғалиева, М.Досбергенова, А.Сатым, А.Теңгебаева «Эпоксидті шайырдан жасалған естелік бұйымдар» стартап жобасымен, ал Д.Досмухамбетова мен Д.Ургарчев «Фитоккожа: переработка растительных и пищевых отходов в инновационный материал» жобасымен жеңіске жетті. «Орхун» бағдарламасы аясында факультетке шетелдік профессорлар шақырылды: Айтен Атеш – Йылмаз Кая Джумхурет университетінің профессоры («Ondokus Maуys» университеті, Түркия Республикасы); Аксенов Игорь Викторович – Тарас Шевченко атындағы Луганск ұлттық университетінің ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор; Filippo Verge – Швецияның Лунд университетінің профессоры, доктор. 2022–2023 жылдары келесі қос дипломдық келісімшарттар жасалды: Karabuk Universit (Түркия) – 2026 жылға дейін 7М05301 – «Химиялық талдау және мұнайхимиялық синтез» магистратура білім беру бағдарламасы бойынша. Гданьск қаласындағы Туризм мен қонақ үй бизнесі жоғары мектебі (Польша) – 6В1101 – «Туризм және сервис» білім беру бағдарламасы бойынша. Бұл студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықаралық жұмыс нарығында сұранысқа ие болуына жол ашады. Қос дипломдық бағдарламалар студенттерге әлемдік көзқарасты қалыптастыруға, мәдениетаралық қарым–қатынас дағдыларын дамытуға және әртүрлі саладағы білімдерін кеңейтуге көмектеседі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС – БАСТЫ НАЗАРДА

Инновациялық білім беру факультеті 1959–1960 оқу жылында құрылды. Факультеттің құрылған кезінен бастап әр жылдары декан қызметінде танымал ғалымдар педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Асхат Сәлімұлы Иманғалиев (1986–1989), экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик Ғалымжан Жұмабайұлы Нұршешев (1989–1994), педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанова (1994–2001 жж.), педагогика ғылымдарының докторы профессор Бақыт Тельжанқызы Барсай (2001–2008 жж.), педагогика ғылымдарының докторы Нұрсәуле Сайлауқызы Сайлауова (2008–2011 жж.), педагогика ғылымдарының кандидаты Ғабит Бақытжанұлы Базарғалиев (2011–2013 жж.), педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Ляйля Ерболатқызы Қойшығұлова (2013–2018 жж.) болды. 2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін факультетті педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі Ақмарал Өтепбергекқызы Мұханбетжанова басқарады. Факультеттің мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы алғаш рет 1979 жылы ашылған, ал «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының тарихы 1959–1960 жылдардан бастау алады. Алғашқы түлектер 1963–1964 жылдары бітіріп шықты. Қазіргі күні мектепке дейінгі және бастауыш білім беру, психология және педагогика, дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедралары бакалавриат және магистратура деңгейлерінде білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда. Факультет Simon Fraser University (Канада), Kokand University (Өзбекстан), Астрахань мемлекеттік

университеті, Қалмақ мемлекеттік университеті (РФ), Манас Қырғыз–түрік университеті, Қырғыз халықаралық университеті (Қырғызстан), Эге университеті, Нийде университеті (Түркия) және басқа да алыс–жақын шетелдік ғылыми мекемелермен тығыз байланыстар орнатқан. Профессор–оқытушылар құрамы халықаралық, республикалық конференцияларға белсенді қатысып, педагогикалық–психологиялық мәселелерді шетелде танытуға атсалысуда. Факультет – педагогика, психология, инклюзивті білім беру, ерте кәсіби бағдарлау, бастауыш мектепте функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, бастауыш мектептің өзекті мәселелері бағыттарында ғылыми зерттеулер жүргізуде. Факультет ғалымдары, профессорлар Г.Қ.Шұғаева, Л.Е.Қойшығұлова ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетінің мақсатты бағдарламалық қаржыландыру гранттық жоба мүшесі ретінде жұмыс атқаруда. Сондай–ақ, оқытушылар бірнеше университетішілік және әлеуметтік гранттық жобаларда жетекшілік етеді. 2021–2024 жылдары профессорлар Ж.Н.Сабинова, Г.Қ.Шұғаева, Л.Е.Қойшығұлова, А.У.Мұханбетжанова Simon Fraser университетінің Білім беру факультетінің PhD, профессоры Роберт Уильямсонның жетекшілігімен «Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беру тәжірибесін бағдарлайтын салыстырмалы» халықаралық жоба жұмысын жүргізді. Факультетте жетпістен астам профессор–оқытушылар еңбек етеді, оның ішінде үш педагогика ғылымдарының докторы, үш PhD доктор, он бес педагогика ғылымдарының кандидаты, екі Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, магистрлер, сенйор–лекторлар.

ӨЗБЕКСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР



Тұтас өлкелерде тұрып, бір-біріне иық тірескен, Сырдариядан су ішіп, Аралды тең бөліскен (арқау білген) , тілі де, табиғаты да, арман-үміттері де жақын өзбек, қарақалпақ және қазақ ұлттары ұзақ жылдардан бері бауырлас, көз қимас достар. Оларды қаламға алған шығармашыл халық өкілдері де, әдетте, мұндай жылы қарым-қатынасты туысқандық деп атайды. Өзбекстан қаһарманы, қарақалпақ халқының сүйікті ақыны Ибраим Юсупов та өзінің «Туысқандық» өлеңінде... «ар-намыс, ар-ождан ортақ, малымен жаны ортақ...» деп сипаттайды. Осыған ұқсас теңеулер Әжінияз, Бердақ, Абай шығармаларында да кездеседі.

«Бірің аға, бірің інім, бірің бауырым» деген жолдарға шексіз сүйіспеншілік, махаббат, ұлы адамгершілік сезімдері сіңірілген. Ұлы Жібек жолы арқылы керуендермен тасымалданған мәдени мұралар, көркем әдеби шығармалардан бастау алатын бұл ұлтаралық байланыстардың тарихы тереңде. Қарақалпақ ақындарының қазақ ақындарымен әдеби байланыс орнатқанына ғасырлар куә. Сондықтан да бүгін Абайды, Сәкенді, Мұхтарды білмейтін өзбек, қарақалпақ, ал Әжіниязды, Бердақты оқымаған қазақ жоқ шығар. Әсіресе, Әжінияздың қазақ сұлуы Қыз Мешпен айтысы екі ел арасындағы қарым-қатынастың тамыры тереңде

екенін тағы бір дәлелдейді. Орта Азия халықтарының бұл «ауыл аралас, қой бауырлас» қарым-қатынастары, достығы, міне, қаншама жылдар өтсе де өзінің қадір-қасиетін жоғалтпай келеді. Керісінше, өзара байланыстар жаңа деңгейге көтеріліп, Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық, саяси, мәдени және әдеби байланыстардың ауқымы одан әрі кеңейіп келеді. Халықтарымыздың тарихы, тілі мен мәдениеті, құндылықтарындағы кейбір ұқсастықтар болса, білім беру сияқты салаларда тәжірибе алмасуға мүмкіндік туғызуда. Екі елдің білім беру жүйелері өте жақын, конвергентті сипатта болып, бұл елдеріміздің мәдени мұрасы мен құндылықтарын болашақ үшін сақтауға қызмет етуде. Сондықтан осы саладағы ынтымақтастық, тәжірибе алмасу және ғылыми зерттеулер жас ұрпақты заманауи білім мен дағдылармен қамтамасыз етуге үлкен үлес қосады.

Бүгінде Өзбекстан мен Қазақстан білім беру жүйесіндегі байланыстар жаһандық білім беру стандарттарына сәйкес келетін жаңа реформаларды енгізуге көмектесуде. Өйткені бұл ынтымақтастық ұлттық дамуға ғана емес, сонымен қатар, аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге де үлес қосады. Екі ел арасындағы бірлескен бағдарламалар білім сапасын, оқыту әдістерін, педагогикалық әдіснамаларды және ғылыми теорияларды жаңа деңгейге шығарады. Нәтижесінде, бірегей білім беру жүйесі пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Өзбекстан мен Қазақстан Республикасының білім беру салалары бірлесіп даму кезеңіне қадам басуда. Осы бағытта 2022 жылы Өзбекстан Республикасы Жоғары білім министрлігі мен Қазақстан Ғылым және жоғары білім министрлігі арасында мамандарды даярлау бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бүгінде екі елде де мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша бірлескен тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылып келеді. Бұл заманауи білімге ие, инновациялардан хабардар, педагогикалық шеберлігі мен ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген мұғалімдер санының одан әрі артуына себеп болуда. Өз кезегінде

мұндай ынтымақтастықтың нәтижесі студенттерге білім беру жүйесінде өз көрінісін табуда. Осындай серіктестік қатынастардың тағы бір мысалы 2024 жылы Өзбекстан Республикасы жоғары білім, ғылым және инновациялар министрі Қ.Шәріповтің Қазақстан ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен кездесуі болды. Онда екі ел арасындағы білім, ғылым саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселесі талқыланды. Сол жылы Шыршық қаласында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің филиалы және Алматыда Қазақстан ұлттық аграрлық университетінің базасында Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру институтының филиалы құрылды. Бұл екі елдің білім саласындағы ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтерді.

Қазіргі уақытта екі елдің білім беру жүйесінде бірқатар бірлескен жобалар жүзеге асырылуда. Ал «Білім беру бағдарламаларының алмасуы» жобасы аясында университеттер арасында студенттер мен профессор-оқытушылар үшін тағылымдамалар, біліктілікті арттыру немесе бір семестрлік оқу бағдарламалары енгізілген. Осындай байланыстар, әрине, білім беру саласында жаңа педагогикалық, ғылыми, инновациялық жаңалықтардың пайда болуына түрткі болады. Осы тұста Президентіміз Ш.Мирзиёевтің «Ортақ тарихымыз, мәдени және рухани құндылықтарымыз, салт-дәстүрлеріміз бізді біріктіріп тұрады. Қазақстан Өзбекстан үшін ең жақын, сенімді әрі уақыт сынынан өткен дос ел саналады...» деген сөздерін еске алу керек. Бұл достықтың білім, ғылым салаларында одан әрі нығайып келе жатқаны бізді қуантады.

2023 жыл Өзбекстан мен Қазақстан тарихына маңызды құжаттарға қол қойылған мерейтой ретінде таңбаланғанын жасырын емес. Сол жылы екі елдің жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастықты дамытуға бағытталған 10 құжатқа қол қойылды. Олар тек қағаздар немесе «құжат» емес, білім беруді дамытуға бағытталған мүмкіндіктер болып табылады. Бүгінде осы құжаттар негізінде бірқатар бірлескен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, Өзбекстанда

тұратын өзге ұлт өкілдерінің білім алуы үшін де барлық мүмкіндіктер жасалған. Республикамыздағы алты жоғары оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша мамандар даярлануда. Олардың арасында Қарақалпақ мемлекеттік университеті де бар екенін ерекше атап өткен жөн.

«Білім мен ғылымның шекарасы болмайды» дегендей, екі ел арасындағы жүзеге асырылып жатқан ғылыми-педагогикалық бірлескен жобалардың арқасында ғалымдар жаңа ғылыми мәселелерге бірлесіп шешім іздеп, осы саланың дамуына үлкен үлес қосуда. Ғылыми семинарлар мен конференциялардың жиі ұйымдастырылуы екі елдің ғалымдары мен жас ғалымдары арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтуда.



Ғылым және білім саласындағы ынтымақтастығымыздың жалғасы ретінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Бердах атындағы қарақалпақ мемлекеттік университеті арасындағы ынтымақтастық келісімшарты негізінде алдағы уақытта жаңа бастамалар жүзеге асырылуын асыға күтеміз. Өз жұмысын бастаған ғылыми-практикалық конференциядағы ғылыми баяндамалар мен жаңалықтар екі елдің білім беру жүйесінің одан әрі дамуына негіз болады деп сенеміз.

Бір аспан астында өмір сүріп, бір өзеннен су ішіп, ет пен тырнаққа айналып, тату-тәтті өмір сүрген ұлттарымыздың достығы мәңгілік болсын! Бұл достықтан басталып, үлкен реформаларға жалғасқан байланыстар жақын болашақта одан да жоғары нәтижелер беретініне кәміл сенеміз. Мақаламызды И.Юсуповтың жоғарыда келтірген «Туысқандық» өлеңіндегі төрттікпен аяқтаймын:

Қазақтарға тай сойғызған,
Қырғыздарға қой сойғызған.
Үй тіктіріп, бас қойғызған,
Туысқандық, туысқандық.
Ақын айтқандай, туыстығымыз мәңгі болсын! Өзбек, қазақ, қарақалпақ ұлты сіздердің сөздеріңізбен айтқанда «бір туғанға» айналай!

Қонақбай ТҰРДЫБАЕВ,
Қарақалпақстан Республикасы,
Нөкіс қаласы,
Бердах атындағы
Қарақалпақ мемлекеттік
университетінің профессоры





2024 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП




Халел Досмухамедұлы атындағы Атырау университеті

НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАСТАР АРАСЫНДА ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ



Айналы мамамдардың қатысуымен
үйімдастырылған іс-шараларда
2000 студент қамтылды

- 40-қа жуық кураторлық сабақтар
- 2 рет кинелог маманмен университетте
аккурсия өтті
- 1 рет зансыз граффитилерді өшү



**Аталған бағытта бірлесе жұмыстар
атқарылуда:**

1. Атырау облысы Полиция департаменті
есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл
басқармасымен
2. Атырау облысы Полиция департаменті
индологиялық орталығымен
3. Атырау облыстық наркологиялық
диспансерімен





[illegible]



МОН
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

ҒЫЛЫМИ ҒЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІ

100

1. Магистранттар, жергілікті атқару органдарының және бизнес субъектілері қарындасушылардың іс-әрекеті ғылыми жетістіктер мен жобаларды үлесіне көбірту
2. Оқушылар мен студенттердің қолма-қолдану жобаларына негізделген зерттеу қызығаттылығын арттыру
3. Web of Science, Scopus және басқа да рецензияланған халықаралық бағытталған деректер базасындағы үлесін арттыру
4. Ақыл және ғылым істердің университеті және ҒЫ-мен ғылым байланысты қызықты
5. Студенттердің республикалық және халықаралық ғылыми байқауларға, олимпиадаларға қатысуын және жүлделі орындар алу үлесін арттыру
6. Ғылыми тағылымдалмағандық және академиялық ұлттық бағдаланбалардың өткізімі оқушылар мен студенттердің санын арттыру
7. Зертханалар мен аудиториялардың материалдық-техникалық жағдайды



Халел Досмухамедұлы Атырау университеті

ДІН САЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Жұмыс бағыттары:

1. Деструктивті дін идеяларына ұшыраған адамды оңалту бағыты
2. Теологиялық – психологиялық кеңес беру
3. Конфессияларалық және этносаралық қатынасты сақтау мақсатында топтық және жеке кездесу жұмыстарын жүргізу
4. Медиа саласында дінтануды – ғылым жұмыстарын жүргізу

Дін құлдарының бар сегізтен бірін санау:

1. Инновациялық білім беру факультеті – 15
2. Экономика және құқық факультеті – 15
3. Кәсіптік білім беру факультеті – 39
4. Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті – 13
5. Жаратылыстану ғылымдары факультеті – 18
6. Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті – 45.

Аталмыш бағытта бірлесу жұмыстар атқарылуда





Халел Досымқалды атындағы Атырау университеті

2023-2025 жылдарға коммерциализация жобасы



Қазақстан Республикасының
Ғылым және
Техникалық
Дамының
Қоры

Жоба атауы: «СоФММ» түпте сүтін және сүт қалдығы өңдеу технологиясы және коммерциализация»








105 000 000Т
ЖІБІС АІДАНГАН Asia milk

209 000 000Т
Ғылым қоры

Жалпы сомасы:
313 000 000Т

2024-2026 ЖЫЛДАРҒА КОММЕРЦИАЛАНДЫРУ ЖОБАСЫ

Название темы проекта: Разработка учебного пособия по физико-химическим основам дивалмических образцов и интерактивных моделей

дополнительной реальности.

Құнығы: коммерциализация сомасы
87 256 100 000Т



Халық Досқуымамалы атындағы Атырау университеті

ҚОС ДИПЛОМ БАҒДАРЛАМАСЫ

Университет Нийде Омер Халисдонир
 «Құдай құт және сәтәлігі» Елші Бағдарламасы
 Астана университеті, «Телемек» университеті «Құдайбағы»
 университеті (Бүкіл Бағдарламаны)
 Университеті Барлық «Құдайбағы» қалау және құдай әлеміне
 сәтәлігі
 Университеті Барлық «Құдайбағының» университеті






БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ:

1. Университет Нийде Омер Халисдонир, Түркия (шағ 1-ші, 2-ші, 3-ші, 4-ші)
2. София университеті, Болгария (Этномедикация)

ТІЛДІК КУРСАР:

1. Түрік тілі курсы
2. Ағылшын тілі курсы
3. Корея тілі курсы
4. Қазақ тілі курсы

2024 ЖЫЛ: АТЫРАУ UNIVERSITY НӘТИЖЕЛЕРІ

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ

РЕЙТИНГТЕ
RANKING WEB
OF UNIVERSITIES

8491
ОРЫН

РЕЙТИНГТЕ
586
орын 1477 ішінен

ТОП 3 - 4 ББ
ТОП 5 - 1 ББ
ТОП 10 - 11 ББ

[illegible]

1	2	3	4	5
Бас әуе торабы	Жалпы ауданы	Жалпы ауданы	Жалпы ауданы	Жалпы ауданы
1	12	10	4	1
гектар	гектар	гектар	гектар	гектар

[illegible]

Халықаралық Халықаралық Халықаралық

«Студенттерге арналған 1000 орындық оқу ғимараты» жобасы

Ғимарат жобасы 2023 жылы жобалауға ұсынылып, таспырыс беруші арқылы бекітілген.

Сәулет-жоспарлау талқысына №10234027 18.09.2022 ж., қалайық сәулет және қала құрылысы бөлімі берген. Жылжумен қабылдауға, әзірленген жадыстауға, сумен қабылдауға және қарағаш арыстан тексерілген шарттар.

Жер учаскесі актісі №2109061120203823 06.09.2021 ж. Инженерия-технологиялық шарттар туралы келісетінді жасаған «KazGeoMarket» ЖШС

Топографиялық түсінілдім «Redline Pro» ЖШС орындаған.

Құрылыс кісі: құрылыс жұмыстарын жүргізуге лицензиясы бар құрылысшыларды тарта отырып, мердігер.



Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті

«Студенттер үйі»
ЖОБАСЫ



Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті

Ғылыми кітапхана құрылысының жобасы

[illegible]



Халел Досмухамедұлы атындағы Атырау университеті



Халел Досмухамедұлы атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына араласу кезінде қолдау жасаған барлық әріптестерге, Атырау облысы мен Атырау қаласы өкілдіктеріне, кәсіпорындар мен мекемелеріне, Freedom Bank, Forte Bank, Centercredit, Махамбет атындағы қазақ академиялық драма театры, Ғ.Сланов атындағы облыстық кітапханасы, «Сарайшық» музейі, ғылым және білім қызметкерлері қоспағандық және басқа да барлық серіктестерімізге ықыласымызды білдіреміз









«Сарысу» акционерлік қоғамы
Saryisu Aktiuryer Qoǵamı



«САРЫСУ» АҚШ-НЫҢ
АТҚАРУШЫ ҚОҒАМЫ
SARYISU HOLDING LLC

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Университеттің қаржы және есеп кафедрасы 1999 жылы құрылды, ол бәсекелік экономикаға қабілетті, білікті, білімді қаржыгер-аналитиктерді, бухгалтер-аудиторларды дайындап келеді. Оқу үрдісінде инновациялық технологияларды пайдалана отырып, Атырау облысы қаржы, бухгалтерлік есеп, аудит салалары мекемелерімен, кәсіпорындарымен тығыз байланыс ұйымдастырып, қонақ дәрістер кеңінен орын алуда. Кәсіби мерекелерді берекелі қарсы алу барысында студенттерге төл мерекелерінің маңыздылығын түсіндіру мақсатында 10 қараша-15 қараша аралығында апталық өткізілді. Шара университеттің ғылыми кітапханасында «Бухгалтерлік есеп және аудит» саласындағы қызметкерлер күніне арналған «Махаббат, музыка және бухгалтерлік есеп мәңгілік...» атты факультетаралық «Quiz» интеллектуалды ойынымен басталды. Мұнда қатысушылар топ болып бірігіп, сұрақтарға тапқырлықпен тез әрі шапшаң 30-60 секундта жауап беруден бөлек, логикамен де сыналады. Ойын барысында, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 6 факультетінің студенттері білектерін сыбанып, құлшынып, ойларын жинақтап, белсене қатысты.

Әр команда факультеттің бір оқытушысынан, үш студенттен және оқу орнының бір бухгалтерия қызметкерінен, барлығы бес адамнан құралды. Олардың ойынына экономика ғылымдарының кандидаты, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Атырау облыстық филиалының директоры Қ.Құлбарақов, АССА мүшесі, ҚР сертификатталған аудиторы, «Accounting Business Solutions» ЖШС-ің аудиторлық компаниясының негізін қалаушы және директоры Д.Альтеев, «Интертек Интернешинал Казахстан» ЖШС бухгалтері М.Кенжиева,



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университетінің «Қаржы-экономикалық басқармасының» басшысы, бас есепші Р.Исмагамбетова, қаржы саласының ардагері Т.Қадырғазиев сынды майталман мамандар қазылық етті.

Ойын ережесі бойынша ойын кезінде телефон немесе басқа да гаджеттерді қолдануға, өзге командаларға кедергі жасап, ойын барысында олармен сұрақты талқылауға тыйым салынып, керісінше жағдайда командадан үш ұпай шегерілетіні ескерілді. Ойын 5 айналым мен 6 турдан тұрды. Әр сұраққа 30 секунд, әр дұрыс жауапқа бір ұпай беріліп, сұрақтар тек бір рет қайталанды.

Студенттер өздерінің ұшқыр ойларымен, интеллектуалды потенциалымен, біліктілікпен ұштастырылған шапшаңдықпен сыналды. Бұл ин-

теллектуалды сайыс сұрақтары оңай болған жоқ, әр сұрақ, әр жұмбақ, әр тапсырма тұнып тұрған тарих кезеңдерімен қазіргі заманауи экономикадағы бухгалтерлік есеп және аудит мәселелерімен бағдарламаларына байланысты болды, сонымен қатар, кино әлемі, есептер құпияларын ашу, «терминдер сөйлейді», суретті сипаттайтын сұрақтар кеңінен орын алды. Әр сайыс этаптарының арасында қатысушыларға бухгалтерлік есеп және аудит саласы тақырыбында өзекті ақпараттар беріліп отырды. Сайыс нәтижесінде көптілді білім беру факультеті, жаратылыстану факультеті, экономика және құқық факультеттері ретінде қарай 1-3 орындарды иеленді.

Сайыс соңында жюри мүшелері интеллектуалды ойынға оң бағаларын

беріп, студенттерге ақыл-ойларын айтып, білімді маман болу мақсатына жету үшін тиімді ұсыныстарын жеткізе отырып, жүлделі факультет студенттер командаларына жүлделі орындарды иеленгені үшін, белсене қатысқаны үшін Алғыс хаттарды, сыйлықтарды табыстады.

Сондай-ақ, өңірімізге қажетті есепші және аудитор мамандарын даярлауда ұзақ жылдар оқытушылық қызмет еткен жұмыс берушіге, серіктестік компаниялар бухгалтерлері мен аудиторларына және университеттің «Ішкі аудит қызметі», «Қаржы-экономикалық басқармасы мамандарына құттықтау хаттарын университет ректоры С.Н.Идрисовтың атынан экономика және құқық факультеті деканы, п.ғ.к., қауымд.проф. Райхан Уталиева табыстады.



Білім берудегі IT және AI мүмкіндіктері

Атырау университетінде кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің ұйымдастыруымен «IT және AI оқу үдерісінде қолдану» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы өтуде. Курстың негізгі мақсаты – педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық құзыреттілігін арттыру, білім беру үдерісіне заманауи IT және жасанды интеллект технологияларын тиімді енгізу. Курс бағдарламасының авторы ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ғ.А.Салтанова.

Курс барысында тыңдаушылар заманауи цифрлық ресурстармен, бұлттық сервистермен және онлайн-платформалармен (Canva, Quizizz, Wordwall, LearningApps, Genially, Padlet, Google Jamboard, Miro, Stepiк т.б.) жұмыс істеуді меңгеруде. Сонымен қатар, электрондық портфолио жасау, интерактивті тапсырмалар құрастыру, кері байланыс ұйымдастыру және бейнесабақтар әзірлеу бойынша тәжірибелік дағдылар қалыптастыруда. Курсты «Информатика» кафедрасының оқытушылары өткізуде.

Курс тыңдаушылары өз кәсіби іс-әрекеттерінде цифрлық шешімдерді қолдану қабілеттерін жетілдіріп, инновациялық білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған жаңа тәжірибелермен бөліседі. Бұл заманауи педагогтің кәсіби дамуы мен білім беруді цифрландыру бағытындағы маңызды қадам деп бағалай аламыз.

Банктердің жұмысымен танысты

Қаржы және аналитика», «Бухгалтерлік есеп, аудит және бизнес-процестерді талдау», ББ 1 курс студенттері үшін «Нұрбанк» АҚ Атырау филиалы, «Банк Центр Кредит» АҚ Атырау филиалы, «Fortebank» АҚ Атырау филиалы бойынша экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия студенттердің банк жүйесі туралы білімдерін тереңдету, сондай-ақ, қаржы институттарының жұмысын практикалық тұрғыдан түсіну мақсатында ұйымдастырылды. Экскурсияның бірінші кезеңінде студенттер «Нұрбанк» АҚ филиалында болды. Мұнда олар несиелеу, депозиттер және инвестициялық өнімдер сияқты банктің негізгі қызметтері туралы білді. Банк директоры Айзада Қайратқызы Кенішбаева мен банк өкілдері өз банкінің тұсаукесерін өткізді, онда, банктің стратегиясын, оның нарықтағы ролін және іске асырылып жатқан инновациялық шешімдерді талқылады.

Бағдарламаның келесі тармағы «ЦентрКредит Банкi» АҚ Атырау филиалы болды. Студенттер банктің қызметі, оның клиенттік базасы және қаржылық құралдары туралы білді. Кездесу барысында банк қызметкерлері – VIP

клиент-менеджері Надежда Анатольевна Чертихина және Шағын Орта Бизнес клиент-менеджері Наргиза Гулямова студенттердің сұрақтарына жауап беріп, қаржы секторындағы жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Экскурсия «Forte Bank» АҚ Атырау филиалында аяқталды, бұл банкте студенттер клиенттерге қызмет көрсетудің заманауи тәсілдері және банктік қызметтерді цифрландыру туралы ақпарат алды. Тұсаукесерде банктің қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін енгізген табысты істері мен инновацияларының мысалдары келтірілді. Экскурсия студенттерге оқу үрдісінде алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануды көруге мүмкіндік беретін өте мазмұнды және пайдалы болды. Студенттер ұйымдастырушыларға банктердің қалай жұмыс істейтіні туралы білуге мүмкіндік бергені үшін алғыстарын білдірді және банк ісінің қыр-сырын білу үшін банк қызметкерлеріне көптеген сұрақтар қойды. Мұндай экскурсиялар студенттерге алған білімдерін іс жүзінде қалай қолдану керектігін жақсы түсінуге және болашақ мамандығына дайындалуға көмектеседі.



ҚОНАҚ ДӘРІСТЕРДІҢ ПАЙДАСЫ МОЛ

«Бағалы қағаздар нарығы» пәні аясында «Қор биржасының қызмет етуінің ұйымдастырылуы» тақырыбында өткізілген қонақ дәріс студенттер үшін мазмұнды әрі пайдалы іс-шара болды. Дәріс «Қаржы және аналитика» ББ 4 курс және 3 курс білім алушыларына «Қаржы және есеп» кафедрасының оқытушысы, магистр Р.К. Тұрдалиеваның ұйымдастыруымен және Атырау қаласындағы «Freedom Finance» АҚ өкілдерінің қатысуымен өтті. Қонақ дәріс «Қаржылық дегустация» іскерлік ойын форматында ұйымдастырылды, «Freedom Finance» АҚ мамандары студенттерге 100000 теңге «қағаз ақша» банкноталар таратып, сол соманы әр студент инвестиция ретінде жылжымайтын мүлік саласына, бағалы қағаздар нарығына: акция, облигация сатып алуға, банктік депозитке салуға, басқа да тиімді салым ретінде пайдалануға мүмкіндік берілді. Дәріс соңында ақшаны ең тиімді инвестициялаған, ақшасын білімді және білікті капитализациялап, пайда тапқан студенттер «Freedom Finance» АҚ арнайы сыйлықтарына ие болды, марапаттарды бүгінгі күні «Freedom Finance» АҚ өкілдері, осы университет «Қаржы және несие» мамандығы түлектері А.А.Хон, Т.Есенғазиева табыс етті. Іскерлік ойынды жүргізумен қатар акциялар мен қор нарығының жұмыс істеу қағидаттары туралы тәжірибелік және теориялық мағлұматтар берілді. Қатысушылар қаржы саласындағы негізгі ұғымдармен танысып, инвестициялық шешім қабылдау дағдыларын дамыту мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шара барысында студенттердің белсенділігі жоғары деңгейде байқалды, олар өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Мұндай форматтағы дәрістер студенттердің қаржылық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың кәсіби көзқарасын қалыптастыруға оң әсерін тигізеді. Аталған қонақ дәріс студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға, қор нарығы мен инвестициялау саласына деген қызығушылығын арттыруға бағытталған тиімді оқу іс-шарасы болды.

Сондай-ақ, АССА мүшесі, ҚР-ның сертификатталған аудитору,

«Accounting Business Solution» ЖШС аудиторлық компаниясының негізін қалаушы және директоры Дәурен Альтеев 6В04104-Бизнес-процесстерінің есебі, аудиті және талдау ББ 3 курс, қазақ тобында «Қаржылық есеп 2» пәнінен ҚЕХС 15 (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім», 16 ҚЕХС (IFRS) «Жалға алу» тақырыбында қонақ дәріс өткізді. Ол қаржылық есептің халықаралық стандарты бойынша есеп жүргізудің мақсаты мен қолданылу аясының ерекшеліктерін, тәжірибелік аспектілерін ашып көрсетті. Дәріс барысында білім алушыларға түрлі сұрақтар қойылып, дәріс берушімен пікір алмасып, өз белсенділіктерін танытты. 6В04104-Бизнес-процесстерінің есебі, аудиті және талдау ББ бойынша білім алушылар үшін кәсіби маманмен кездесу болашақ мамандықтарына деген кәсіби көзқарастарын дамытуға, қызығушылықтарын арттыруға елеулі әсер етеді.

«Қаржы және аналитика» бағдарламасының 4 курс студенттеріне «Бағалы қағаздар нарығындағы тіркеуші қызметі» тақырыбында ашық дәріс өткізілді. Дәріске са-

рапшы ретінде Атырау облысындағы «Freedom Broker» компаниясының клиенттермен байланыс жөніндегі аға менеджері Жандос Шнибаев қатысты. Дәріс презентациялық слайдтар және анимациялық түрде ұйымдастырылды. Алдымен, дәріскер дәріс тақырыбымен, жоспарымен, мақсаттарымен таныстырды. Тақырыпты толық ашу үшін, қор биржасы туралы қысқаметражды фильм көрсетілді, содан кейін бүгінгі күні бағалы қағаздар нарығының дамуы мен осы үрдістегі тіркеушінің қызметіне тоқталып, тақырып түсіндірілді. Дәріс соңында студенттер тақырып бойынша бақылау сұрақтарға жауап беріп, есептер шығарды. Бұл дәрісте сарапшыға ерекше орын берілді. Сарапшы Жандос Шнибаев өте креативті және егжей-тегжейлі көзқараспен бағалы қағаздар нарығындағы тіркеушінің қызметіне практикалық тұрғыдан оң баға берді. Өз сөзінде, эксперт тек Қазақстандағы ғана емес, АҚШ-тағы және басқа да экономикасы дамыған, ірі қаржылық қуатты елдердегі бағалы қағаздар нарығындағы тіркеушілердің схемалық жұмысын көрсетіп, мысалдар келтірді. Ол, сондай-ақ, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздар нарығындағы рөлін ашып берді.

«Несие нарығы» пәні бойынша «Арнайы несиелік институттар» тақырыбында қонақ дәріс өткізілді. Іс-шараны «Қаржы және есеп» кафедрасының аға оқытушысы, магистр А.А.Жанаева ұйымдастырды. Дәріс барысында студенттерге арнайы несиелік институттардың құрылымы, қызмет бағыттары, қаржы нарығындағы рөлі және олардың экономикалық дамудағы маңызы туралы толық ақпарат ұсынылды. Қонақ спикер- университет ректорының экономика мәселелері бойынша көмекшісі Талғат Қадырғазиев арнайы несиелік ұйымдардың қаржылық операциялары, олардың тәуекелді басқару тәсілдері, сондай-ақ, несиелік саясатты тиімді жүргізу жолдары туралы практикалық мысалдар келтірді. Іс-шараға «6В04105 – Қаржы және аналитика» білім беру бағдарламасының студенттері қатысты. Студенттер дәріс барысында қойылған сұрақтар арқылы өздерінің теориялық білімдерін бекітіп, практикалық дағдыларын жетілдірді.



СТУДЕНТТІК САҒЫМ ЖЫЛДАР–АЙ!



Мен Гурьев педагогикалық институтының физика-математика факультетінің «Физика» орыс бөлімінде 1976–80 жылдары оқыдым. Бұл оқу орнына екі жыл Кеңес армиясы қатарында, екі жыл жұмыс жасап, төрт жылдық жұмыс өтіліммен оқуға түскенмін. Бірінші курс басталысымен сол кездегі институт студенттік кәсіподақ ұйымының басшысы Сәуле Құспанова кабинетіне шақырып алып, менімен сырттай таныс екенін айтып, оқуға түспестен бұрын мен облыстық кәсіподақ комитетінде жұмыс жасағанмын, өзіне қоғамдық жұмысқа шақырды. Оқу басталғасын

студенттер кәсіподағының жылдық есептік сайлау жиналысында мені орынбасарына ұсынып, сайлады. Осы кезден бастап, қызығы мен қиындығы мол студенттік өмірге қадам жасадық. Біздің төртінші тобымыз сабақта да, қоғамдық жұмыста да, спорттық шараларда да өте белсенді болды. Группамызда Гурьев облысының мақтанышы, бокстан СССР спорт шебері, Қазақ ССР-нің чемпионы Кузнецов Владимир оқыды. Жыл сайын студент жастар арасында факультет аралық мәдени-спорттық шаралар тартысты өтетін. «Студенттік көктем» сайысына өте ыждаһаттылықпен дайындалатын едік. Қысқы каникул кезінде бірнеше спорт түрінен спартакиада болатын, соның бәріне қатынасып, факультет намысы үшін бар күшімізді, шеберлігімізді, қолдан келген өнерімізді ортаға салатынбыз. Біздің ректорымыз Сахипов Ерен Бақытұлы деген азамат болды. Сол кезде небәрі 33–34 жастағы жас жігіт, биология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан облысының тумасы еді. 1976–77 оқу жылы басталғасын ректорға кіріп, вокалды-аспапты ансамбль құру туралы ойымды айттым. Ол кезде «Дос-Мұқасан» ансамбліне еліктеушілік басым болатын. Ансамбль құрамына студент жастардың бар екенін, жетіспейтіні – музыкалық аспаптар және қазақ нақышымен тігілген костюмдер керектігін айттым. Ректор ағайымыз бұл ұсынысты

қолдап, 1976 жылы күзде өмірге «Жас дәурен» вокалдық инструменталдық ансамблі келді. Ансамбль жетекшісіне физика-математика факультетінің студенті Әділбек Бижановты сайладық, ритм гитарада шебер ойнады. Ансамбль құрамында клавиште ойнайтын Қарабалин Қайролла, барабаншы Қартқожақов Витя – барабан, бас гитарашы Кенжалыев Шаймардан, әншілер Хайрошев Сәрсенбай мен Құспанова Гүлнар, ұйымдастырушы Садықов Алмас болды. Сол жылы Ұлы Октябрь революциясының 60-жылдық мерекесіне ұйымдастырылған «Октябрь Туы мәңгі желбірейді» атты қалалық конкурсқа қатысып, біздің ансамбль бірінші орынды жеңіп алды. Студент жастарымыз «Жас дәурен» ансамблін, «екінші «Дос-Мұқасан» деп атап, институт мақтанышына айналды. Екінші бір айтайын дегенім, студенттік құрылыс отрядтары жайлы естелік. 1978 жылдың жазғы демалыс кезінде Махамбет аудандық студенттер құрылыс отрядының басшысы болып тағайындалдым. Облыстық комсомол комитетінің жанынан құрылған облыстық студенттік құрылыс отрядының басшысы Құрманшев Қалыбек ағамыз болатын. Сол ағамыз мені осы жұмысқа шақырып, әр жерден жиналған он төрт отрядтың командирі болдым. Пединститутының жанынан құралған «Электрон» (командирі Маденов Махамбет), «Надежда» (командирі Ба-

кенова Айсұлу), «Лингва (командирі Құлжанова Нұржамал), «Жасқайрат» (командирі Нұғыманов Дияр), ауыл шаруашылығы техникумының «Жалын», Волгоград политехникалық институтының екі отряды, барлығы он төрт отряд Гурьев облысының кәсіпорындарында, совхоздарында құрылыс жұмыстарымен айналысты. Штабымыз Махамбет селосының шығысындағы «Балық қорғау» кеңсесіне орналасты. Комиссарым Бисенғалиева Ғалия, бас инженерім Саркенжиев Мақсот, бас дәрігерім Зарипов Құрылыс ағамыз болды. Зарипов ағамыз Ақтөбе мединститутының оқытушысы, медицина ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі болатын. Осындай құраммен керемет жақсы істің бастаушысы болып, студент жастарды еңбекке баулуға атсалысып, олардың жазғы демалысын тиімді пайдаланып, адал еңбегімен табыс табуына септігіміз тиді. Гурьев педагогикалық институтының құрылғанына 85-жыл толуына орай жазылған естелігімді оқырмандарға ұсынып отырмын. Институт тарихы осындай жағдаяттан құралатыны сөзсіз, болашақ ұрпақ үшін өнеге, тәрбие алатын жарқын істер қоғам игілігіне керек болса деген оймен жазылған мақалам еді.

Алмас САДЫҚОВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

ІСМАҚОВА ІЛІМІ



Халел университетінің 85 жылдық мерейтойына арналған ауқымды шара барысында алыс пен жақыннан келген ғалымдардың ішінде Назарбаев университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Айгүл Исмақованың дәрістерін тыңдаудың сәті түсті. Алаш қайраткерлерінің елге қылған еңбегі мен қызметін ортақ бірлікте қарастырып жүрген ғалым университеттің оқытушылары мен студенттері алдында Халел тағылымы жөнінде тың деректермен дәйектерге толы тағылымды әңгімесімен ерекшеленді. Ресейде әскери медициналық білім алып, сол кездің өзінде-ақ келешегінен үлкен үміт күттіріп жалындап тұрған Халел Досмұхамедұлы елінде қауіпті жұқпалы аурудың белең алып бара жатқанын естіп, туған жері Қызылқоға өңіріне келіп, халықты емдеумен айналысады. «Сол тұста Халелді «сен керек адамсың, көзің ашық, көкірегі ояу сендей адамдар қазақта көп емес, осында қала бер» деп үгіттегендер аз болмаған, – дейді А.Исмақова, – Бірақ, ол атамекенінде ондай жағдайлар болып жатқанда басы-қасында болмай, алыста отыруды ар санап, қайтып келеді».

Бұдан бөлек, Петербордың анау-мынау емес, императорлық әскери медициналық академиясына түсетін кездегі Халелдің жанкешті әрекеті еріксіз таңдай қақтырып, сүйсіндіреді. Сол кезде оның бір ай ішінде латын тілін біліп шығуы талап етілген екен. Патшалық үкімет өздері ойлағандай «бұратана» халықтың өкілі мұны жасай алмайды деген сенімде болады. Алайда, күндіз күнкөріс үшін аула сыпырып, аула сыпыратын орыс мұжығы арқылы латын тілін оқытатын адам тауып алған Халел Досмұхамедұлы сол уақыт ішінде күнделікті қолданыста жоқ ескі тілді меңгеріп алып, сынақ емтиханын сәтті тапсырады. Жалпы, ол кісінің тілді үйренуге деген бейімі, лингвистикалық қыры ерекше таң қалдырады. Өмірінің соңғы жылдарында ол күндіз-түні «үш әріптің» қырағы бақылауында болады. Оның үйінде не істеп жатқанына дейін қадағалап отыратын органның кісілері Халелдің отбасы күн сайын басқа бір тілде сөйлесіп отырғанын көреді. Сөйтсе, ол өзі ғана полиглот болып қоймай, балаларын да солай баулыған екен. Апта күндері бұл үйде ағылшын, неміс, басқа да тілдер күні болып белгіленіп қойыпты. Айгүл Исмақованың өзінің Халел жайлы зерттеу еңбектерінде ол кісінің көпке белгілі қырларынан, қазірге дейін кеңінен зерттелген шығармашылығынан бөлек, көп айтылып, тарала қоймаған, тың дүниелерін жеткізуге көңіл бөліп, көзден таса қалдырмауға тырысатыны байқалады. Мәселен, Х.Досмұхамедұлының түркітану ғылымы жөніндегі алғашқылардың қатарында айтқан ойлары, қырғыз-қайсақ атауына қарсылығы жайлы мәліметтер мен үшін жаңалық болды деп айта аламын. Сондай-ақ, көпшілік 1918 жылы Жаһанша Досмұхамедов пен Халел Досмұхамедовтардың (фамилиялас, ағайынды емес) Мәскеуде Ленинмен кездескенін, Жаһанша мен Лениннің бірге оқығанын біле бермеуі мүмкін. Айгүл Исмақова Халел Досмұхамедұлын Алаш қайраткерлерінен бөліп қарастырмайды. Тіпті, алаштықтар жөнінде айтқанда олардың білім бастауында Ыбырай Алтынсарин мен ол ашқан мектептің тұрғанын айтады. Қазақ даласында алғаш рет мектеп ашып, саналы ұрпақтың көңіліне сәуле құйған Ыбырай мектебінен С.Көбеев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров сынды ұлт азаматтарын шыққаны белгілі. Осындай құнды дүниелерді айта отырып, ғалым ұлт көсемі атанған Әлихан Бөкейхановтың мектепте жүргенде «Закон божияны» оқудан бас тартып, сол кезеңдегі бұл үрдістің тоқтауына сеп болғандардың қатарында болғанын алға тартады. Бір кездегі қазақ даласындағы патшалық Ресейдің білім саясаты жөнінде сөйлей отырып,

А.Исмақова «ағартушы» сөзіне қарсы екендігі жөніндегі пікірімен бөліседі. Ол кісінің ойынша, қазқтардың ішінде ол кезде де сауатты, көзі ашық адамдар көп болатын, бұл сөздің қолданысы олардың сырттан келіп бір күштер «ағартты», яғни қараңғылықтан шығарып, сауатын ашты дегендей мағына беретіндей. Бұдан бөлек, ұстаз, ғалым Айгүл Исмақова ілімі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ағартушы, ақын, жазушы, публицист, қоғам және мемлекет қайраткері Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына арналған «Міржақып Дулатов: идеялар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясында да жалғасын тапты. Онда Назарбаев университетінде Алаш қайраткерлерінің еңбектері биылғы оқу жылынан бастап арнайы курс ретінде оқытыла бастағанын жеткізген Айгүл Исмақова Міржақыптың ұлт деңгейін арттыру жолында қазақ тілінің ғана емес, әйел затының да мәртебесін көтеруге мән бергенін оның шығармашылығы арқылы талдап, сол заманда-ақ «баланың іскерлігі» ұғымын енгізгенін, есептерді қазақтың тұрмыс-салтымен, мәселен, мал басымен байланыстырып шығарғанын, «Қирағат» деп аталған оқу құралын шығарғанын айтты. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңін жазуына Абайдың әсері болғанын, алғашқы шоқтанушы екенін нақты мысалдармен көрсеткен ғалым қазіргі тарихшы ғалымдардың көпшілігі Міржақыптың мұрасын пайдаланып жүрсе де, оған сілтеме жасамайтынын сынға алды. Айгүл Исмақованың бұл жолғы тың баяндамасы Халел университетінде алғаш рет жария етілген эксклюзивті дүние болуымен ерекшеленді. Ғалымның айтуынша, соңғы жылдары оның дәрісіне елімізде тұратын басқа ұлт өкілдері де қызығушылықпен қарап, жиі қатысатын болған. Сол сияқты, филолог ұстаздың Отан, тіл, ел болашағы жайды тәлімді, тағылымды әңгімелерінен кейін шетелдерге кету, сонда қалу жайлы ойларынан айнып, білімі мен қабілетін Қазақстанның дамуына жұмсаймын деген жастардың саны да біраз екен. «Әлиханнның мақалаларындағы тарихилық ұстаным мен Ахаңның «Әдебиет танытқышындағы» Асыл сөз теориясы, Халел Досмұхамедұлының зерттеуіндегі әдебиетке ұлтты біріктіретін отаншылдық сарын қажет екенін айқындаған базалық іргелі білім бізден кейін де қажет болары анық» деген тұжырым айтқан Айгүл Исмақованың ілімін алу, үйрену, ілгерілету – бізге сын.

Құралай ҚУАТОВА,
журналистика және қоғаммен байланыс
кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Қазіргі таңда қоғамда орын алып отырған өзекті мәселелердің бірі – халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін толық білмеуі, заңды бұзбай қорғана алмауы – түрлі әлеуметтік шиеленістер мен құқық бұзушылықтарға алып келуде. Бұл жағдай, әсіресе, әлеуметтік осал топтар арасында ерекше байқалады. Мұндай ахуал құқықтық мемлекет құру жолындағы басты кедергілердің бірі ретінде қабылдануы тиіс. Сондықтан да бұл проблеманы шешудің ең тиімді жолы – құқықтықнасихатты күшейтіп, жастардың заң саласындағы білімін тек теория жүзінде ғана емес, тәжірибелік тұрғыда да қалыптастыру болмақ. Осы қажеттіліктерді ескере отырып, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті экономика және құқық факультетіне қарасты Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасы жанынан «Заң клиникасы» студенттік ұйымы құрылды.

Бұл ұйым құқықтану саласындағы студенттердің практикалық машығын арттырумен қатар, халыққа тегін құқықтық кеңес беруді, құқықтық мәдениетті көтеруді, заңгерлік көмекке мұқтаж азаматтарға қолдау көрсетуді көздейді. Заң клиникасының басты мақсаты – студенттерді практикалық ортаға бейімдеу, халыққа тегін құқықтық кеңес беру арқылы олардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға үлес қосу. Бұл ұйым – студент пен қоғам арасындағы алтын көпірге айналуы керек деген мақсат қойылғаны сөзсіз.

«Заң клиникасы»: теория мен тәжірибенің тоғысқан тұсы

2024 жылдың 19 қыркүйегінде Заң клиникасының құрамына студенттерді іріктеу конкурсы өтті. «Құқықтану» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтарының 1, 2 және 3 курс студенттерінен барлығы 25 білім алушы іріктеліп, ұйым мүшелігіне қабылданды. Іріктеуге кафедраның аға оқытушылары Дидар Орынбасарқызы мен Жадыра Жағыпарқызы, сондай-ақ, Атырау облысы адвокаттар алқасының адвокаты Гүлайна Ақмурзина қатысып, студенттерге бағыт-бағдар берді. 2024 жылдың 20 қыркүйегінде Заң клиникасының алғашқы қоғамдық қабылдауы өтті. Онда тұрғындар өз мәселелерін айтып, тегін құқықтық кеңес алды. Бұл – біз үшін ерекше жауапты сәт болды. Әрбір жағдай – өмірлік сабақ, нақты заңды қолдану тәжірибесі болды.

2024 жылдың 27 қыркүйегінде өткізілген «Маман сағаты» шарасы – теория мен тәжірибенің өзара ұштасуының нақты көрінісі болды. Адвокат Гүлайна Ақмурзина, жеке сот орындаушы Бекзат Құмаров, жеке нотариус Эльмира Сұлтанова келіп, студенттермен еркін форматта сұхбат құрды, нақты істерден мысал келтіріп, мамандықтың қиындықтары мен жауапкершілігі туралы ашық әңгіме өрбітті. Қазан айында өткен «Құқықтық ақпараттық кеңес» атты кездесу – құқықтық қызмет көрсету саласына қатысты білімімізді тереңдетті. 2024 жылдың 3 қарашасында өткен

«Жастар және құқықтық тәртіп» атты кездесуге Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Марьяна Жанғалиева қатысты. Кездесу барысында Марьяна Қазбекқызы білім



алушылармен ашық форматтағы пікірталас ұйымдастырды. Ол қазіргі қоғамда жастар арасында жиі кездесетін құқықтық және әлеуметтік мәселелерді ортаға салып, студенттердің осы мәселелерге қатысты көзқарастары мен ой-пікірлерін тыңдады. Әрбір студенттің ұсынысы мен сұрағына ерекше ықыласпен жауап беріп, құқықтық тәртіпті сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз екенін ерекше атап өтті. Кездесу соңында өзінің ризашылығын білдіріп, студенттерге естелік сыйлықтар табыстады. Бұл кездесудің жылы атмосферасы мен ашық диалогы студенттердің санасында ерекше әсер қалдырды.

Сол айда ұйымдастырылған тағы бір көлемді әрі мазмұнды іс-шара – «Цифрландыру дәуірінде қылмыстарды тергеу, ашу және анықтаудың өзекті мәселелері» атты кәсіби кездесу болды. Бұл шараның ауқымы ерекше кең болды: оған тек «Құқықтану» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтарының білім алушылары ғана емес, сонымен қатар «Биология» және «Ақпараттық технологиялар» (IT) бағытындағы студенттер де арнайы шақырылды. Себебі, қазіргі таңда қылмыстық істерді тергеуде цифрлық сараптамалар, биологиялық дәлелдемелер мен киберіздерді анықтаудың маңызы артып отыр. Кездесу барысында Атырау облыстық Полиция департаментінің түрлі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары студенттермен еркін форматта кездесіп, тергеу процесінің заманауи әдістері туралы жан-жақты мәлімет берді. Атап айтқанда, Жедел-криминалистика басқарма бастығының орынбасары, полиция полковнигі Болатбек Асылбекұлы Меңдіғалиев, Тергеу басқармасының Киберқылмыстарды тергеу бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Мұратбай Нұрлыбайұлы Кадиоров, сондай-ақ, Жедел-криминалистикалық басқарманың криминалисті, полиция майоры Жәрдем Маратұлы Тағаев нақты істерден алынған мысалдар негізінде қылмыстық істерді ашудың заманауи тәсілдерімен таныстырды. Бұл іс-шара қылмыстық процестің тек құқықтық

ғана емес, техникалық, цифрлық, және биологиялық сараптамаларды да қажет ететін кешенді жұмыс екенін көрсетті. Әр сала мамандығын біріктіре отырып ұйымдастырылған бұл кездесу студенттерге тергеу ісінің жаңа қырларын ашып, құқық пен ғылымның тоғысар



тұстарын нақты мысалдар арқылы түсіндіруімен ерекше бағаланды.

2024 жылдың 1 желтоқсанында көрнекті заңгер, академик Салық Зимановтың туған күніне орай ұйымдастырылған Quizizz CUP зияткерлік ойыны ерекше рухта өтті. Аталған шараға факультет студенттері белсенді қатысып, өз білімдерін сынады. Кітапханашы Рахилия Ергужи-ева бұл шараға рухани мазмұн берді.

2024 жылдың 14 желтоқсанында



Атырау облыстық Ғ.Сланов атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты құқықтық тәрбие шарасы өтті. Киберқылмысқа қарсы күрес басқармасының өкілі Расул Жолдас бастаған мамандар студенттерге интернеттегі қауіптер мен олардан қорғану жолдары туралы пайдалы ақпарат ұсынды.

2025 жылдың ақпан-наурыз айларында Полиция департаментінде өткен «Ашық есік» күндері мен Атырау облыстық сотындағы кездесулер білім алушылар үшін кәсіби бағдар тұрғысынан ерекше әсерлі болды. Ал Әділет департаментінде өткен кездесу студенттерді ведомстволық құрылымдармен таныстырып, құқық саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асуын көрсетіп берді. Осы іс-шаралардың барлығы Заң клиникасының ауқымды жұмысын

дәлелдейді. Заң клиникасының қызметі тек қоғамдық қабылдаулар мен құқықтық кездесулермен ғана шектелмейді. Ұйым студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасап, олардың тарихи-мәдени дүниетанымын кеңейтуге де ерекше көңіл бөледі. Соның айқын дәлелі – Сарайшық қалашығына ұйымдастырылған танымдық сапар. Бұл экскурсия барысында біз ежелгі қазақ мемлекеттілігінің ізі қалған қасиетті мекеннің тарихымен жақын танысып, ұлттық құндылықтар мен құқықтық дәстүрлер туралы тың мәліметтерге қанықтық.

Ұйымдастырылған әрбір іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне сеп болған – факультеттің азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушылары, Заң клиникасының білікті жетекшілері Дидар Орынбасарқызы мен Жадыра Жағыпарқызы. Бұл кісілер біз үшін тек білім беруші ұстаз ғана емес, кәсіби жолымызға бағыт-бағдар сілтеген, рух пен жігер сыйлаған шынайы тәлімгер тұлғалар. Олар әр бастамаға жауапкершілікпен қарап, бізге деген сенімі мен жанашырлығын әркез сезіндіре білді. Жетекшілеріміздің қамқорлығы мен қолдауының арқасында біз тек теорияны меңгеріп қана қоймай, өзімізді болашақ заңгер ретінде сенімді сезіне бастадық.

Болашақ заңгер жолындағы әрбір қадамымызға бағдар болған Заң

клиникасы – біз үшін тек тәжірибе алаңы ғана емес, өмірді әділдікпен өлшеуді үйреткен үлкен тағылым мектебі болды. Мұнда біз шынайы құқықтық кеңістікте жұмыс істеуді, нақты мәселелерге шешім ұсынуды, заңды дұрыс қолдануды үйрендік. Сонымен қатар кәсіби мамандармен тікелей байланыс орнатып, болашақ мамандық бағытымызды нақтылауға мүмкіндік алдық. Сондай-ақ, Сланов атындағы кітапхана ұжымы, Атырау облыстық Полиция департаменті, Әділет департаменті, Адвокаттар алқасы Заң клиникасы өткізетін әрбір бастамаға қолдау білдіріп, әрдайым ынтымақтастыққа дайын екендіктерін көрсетті. Олардың ашықтығы мен белсенді қатысуы – студенттерге құқықтық кеңістіктің нақты жұмыс істеу тетіктерін көзбен көруге мүмкіндік берді.

«Заң клиникасы» – бұл студенттік ұйым ғана емес, бұл – қоғам мен білімнің тоғысқан алаңы. Мұнда біз құқық қорғау ісінің шынайы келбетін көріп, өмірлік тәжірибе жинадық. Біз үшін ол – қоғамға пайда әкелетін, азаматтарға әділдік пен қолдау сыйлайтын орта болды. Бұл ұйым – біздің кәсіби және адами тұрғыдан өсуіміздің мықты тірегіне айналды. Алдағы уақытта да біз осы бағытта жұмыс істеуге, алған тәжірибемізді жетілдіруге дайынбыз.

Әсем САМАТ,
Нұрлыгүл СӘРСЕНБАЕВА,
Зухра МАРАТ,
экономика және
құқық факультеті,
азаматтық құқықтық
пәндер кафедрасы



Халелде көп жетістікке жеттім



Университет қабырғасына қадам басқан алғашқы күннен бастап жаңа ортаға бейімделіп, өз қабілетімді шыңдауға мүмкіндік алдым. Түрлі мәдени шараларда жүргізуші болып, көркемсөз оқып, сахнада еркін сөйлей бастадым.

Халелде жүріп көптеген жаңа жетістіктерге жеттім. «Media Education» жобасына қатысып, сұхбат алуды, подкаст жасауды үйрендім. «Жыл еріктісі» байқауында І орын иеленгенім – университеттің берген сенімінің нәтижесі.

Сондай-ақ, Фариза оқуларында І орын алып, шығармашылық қабілетімді шыңдадым. Бұл жеңістер маған тек марапат қана емес, өзіме деген сенімнің артуына себеп болды. «Еңбектің наны тәтті» дейді халқымыз, расымен де, осы еңбектің арқасында университет қабырғасында өткен стартап жобасында «Шандоз» атты медиа жоба қорғап, оның авторларының бірі атандым. Бұл жоба оқу орнымыздың 85 жылдығына арналды. Біз 85 үздік подкаст түсіруді жоспарлап отырмыз, бұл өз кезегінде тарих пен болашақты сабақтастыратын символ болмақ.

Мен үшін студенттік өмірдің әр күні – жаңа белес. Қазақстанның Құрметті жазушысы Т.Жауырұлына арналған ессе байқауында жүлделі ІІІ орын алғаным да осы университеттің ықпалы. Бұдан бөлек, Атырау «Сир дебат» турнирінде ұйымдастырушы болдым, Семей қаласында өткен «Абайдың толық адам ілімі» форумына қатысып, жаңа достар мен тәжірибе жинадым. Өзімнің алға қойған арманым – білікті журналист болып, қоғамға пайда әкелу. Осы арманым мен университеттің арасында тікелей байланыс бар. Өйткені, «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дегендей, менің арманыма қанат бітірген – Халел университеті. Қорытындылай келе, «Мен Халелде оқимын» деген сөз – мен үшін тек жай ғана тіркес емес, жүрегімдегі мақтаныш. Өйткені, бұл білім ордасы маған өмірлік жол көрсетіп, сенім сыйлады. Университеттің 85 жылдық мерейтойы – біз үшін тарихи кезең, ал оның шәкірті болу – баға жетпес мәртебе. «Білім – өмір шырағы» дейді дана халқымыз. Сол шырақты жаққан ордамызға алғысым шексіз. Алдағы уақытта да алған білімім мен тәжірибемді ел игілігіне жұмсайтыныма сенімдімін. Мен Халелде оқитыныма әрқашан мақтанамын.

Қарақат СӘКЕНҚЫЗЫ,
журналистика мамандығының
2 курс студенті

Студент десе кітапхана көз алдыма келеді

Менің мектеп кезінен болашаққа деген арманым өте көп еді. Қиялымның шегі жетпес жолдарда есейіп ержеткесін көптеген белестерді бағындырамын деген оймен әр таңымды атыратынмын. Қиялымның ішінде университетті үлкен сарайға ұқсататынмын. Сол сарайдың есігін ашқан адам білім атты қазынаға қол жеткізеді деп ойлайтынмын. Алғаш мектеппен Халел Досмұхамедов университетіне “ашық есік” күніне барып оқу орнындағы атмосфераны айтып жеткізу мүмкін емес еді. Сол кездегі университеттің қиялымнан орын алып, арманымның есігі бір күні шындыққа айналды – мен Халел жоғарғы оқу орнының студенті атандым. Мен үшін бұл университетте оқу жай ғана білім алу емес, жаңа өмірдің бастауы.

Жыл санап университеттің қабырғалары жаңаша кабинеттермен, технологиялармен жаңаруда. Ең әсемі – мен үшін кітапхана. Кітапхананың тыныштығы ойға терең бойлауға мүмкіндік береді. Мен үшін студент деген сөзді кітапхана ұғымынсыз елестету мүмкін емес. Себебі, кітапхана – студенттің құпия серігі. Халел университетінің басқа да қызықты жерлері көп. Студенттердің жастық жалыны, «студенттік ұйым» барша жастарға қызықты кездердің есте қалуларына септігін тигізуде. Ал менің университетке келгеннен бері ой-өрісім кеңейді, жауапкершілігім артты. Армандарым нақтыланып, мақсаттарым айқындала түсті. Әрі қарай да білімнің түбін түсіріп, өз жолымды жақсы бағытпен тапқым келеді. Солай университетте жүріп, болашақтағы өзімнің нұсқамды құрып келемін.

Халел жоғарғы оқу орны – менің ертеңгі күнге апарар көпірім. «Мен Халелде оқимын» деген сөйлем жай ғана негіздеме емес, мақтаныш, болашаққа деген сенім. Егер өмірім кітап болса, Халел университеті – оның ең қызықты тарауы болар еді.

Сабина БОЛАТОВА,
журналистика 201/1

Студенттік өмір – арман мен шыңдалу кезеңі

Студенттік шақ – адам баласының өміріндегі ең қымбат әрі есте қалар кезеңдердің бірі. Бұл шақта біз үлкен өмірдің табалдырығынан аттап, өз орнымызды табуға тырысамыз. Әдетте студенттік өмір дегенде адамдар көз алдына аудиторияны, жатақхананы, емтихан алдындағы уайымды, достар арасындағы әңгіме-дүкенді елестетеді. Ал менің студенттік өмірім бұл әдеттегі жолдан өзгеше өрбіді. Мен арбада отыратындықтан, толыққанды оффлайн оқу маған бұйырмады. Бұл жағдайды бір кездері қиындық деп қабылдағаным рас. Себебі кез келген жас білім алғанда, достарымен бірге аудиторияда отырып пікір таластырғысы, мұғаліммен бетпе-бет сөйлескісі келеді. Бірақ мен өзімнің жолымды қашықтан оқудан таптым.

Онлайн оқу – тек амалдың жоқтығынан туған шешім емес, мен үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан маңызды қадам болды. Онлайн оқу маған үлкен тәртіп пен жауапкершілік сыйлады. Себебі, мұнда ешкім сенің қасыңа келіп тапсырманды қадағалап тұрмайды. Уақытты дұрыс басқару, сабаққа дер кезінде қосылу, тапсырманы мерзімінде орындау – мұның бәрі тек өзімнің ерік-жігеріме байланысты болды. Осылайша мен өзіме сенуді, өз бетімше ізденуді, қажетті ақпаратты табуды үйрендім. Бұл қабілеттер өмірдің кез келген саласында қажет екенін түсіндім. Сонымен қатар, қашықтан оқу заманауи технологияның мүмкіндіктерін кеңінен қолдануға итермеледі. Бейнебайланыс арқылы дәріс тыңдап, электронды кітаптарды оқып, түрлі платформалардан қосымша білім алдым. Бұл менің ой-өрісімді кеңейтіп қана қоймай, қазіргі заманның талабына сай болуға көмектесті.

Студенттік өмірді достарсыз елестету мүмкін емес. Әрине, менің достарымның көбімен кездесіп, күнделікті бірге уақыт өткізуге мүмкіндік болмады. Бірақ соған қарамастан біз бір-бірімізбен тығыз байланыста болдық. Онлайн болса да, бір-бірімізге тірек болдық, қуаныш пен қиындықты бөлістік. Достарым маған қолдау көрсетіп, әрдайым жігерлендіріп отырды. Кейде олар университетте өткен қызық сәттерін айтып берсе, мен де өзімнің онлайн оқудағы тәжірибеммен бөлісетінмін. Осылайша біз бір-бірімізден үйрендік, бір-бірімізді шабыттандырдық. Бұл достықтың шынайылығының дәлелі деп білемін.

Менің студенттік жылдарым маған ең алдымен сабыр мен қайрат сыйлады. Арбада отыру – мен үшін әлсіздік емес, керісінше өмірдің мәнін терең түсінуге мүмкіндік берген сынақ.

Әрбір қиындықтың артында бір мүмкіндік бар екенін осы жылдардан ұқтым. Білім – тек кітаптағы жазумен шектелмейді. Білім – өмірді дұрыс түсіну, өз орныңды табу, адамдармен қарым-қатынас орната білу. Менің студенттік өмірім осы құндылықтарды үйретті. Қандай жағдай болмасын, арманнан бас тартпау керек екеніне көз жеткіздім. Әрбір студенттің жүрегінде үлкен арман жатады. Менің де арманым – қоғамға пайдалы адам болу, білімімді қолданып, өзгелерге үлгі көрсету.

Студенттік шақ осы арманға жету жолындағы алғашқы баспалдақ болды. Қиындығы мен қуанышы араласқан бұл жылдар маған өмірдің нағыз мәнін ұғындырды. Қазір мен төртінші курста оқып жатырмын. Бұл кезең бұрынғы жылдардан өзгеше. Бір жағынан, студенттік өмірдің ең қызықты күндері артта қалғандай сезіледі. Ал екінші жағынан, ең жауапты сәттер алда күтіп тұр. Жылдар бойы жинаған білімімді дәлелдеп, соңғы емтихандарды тапсырып, диплом қорғау – бұл әрбір студенттің ең үлкен арманы. Осы жолда мен де бар күшімді салып дайындалып жүрмін. Әр күн өткен сайын студенттік шақтың қадірін тереңірек сезінемін.

Соңғы курста болу – бір жағынан мақтаныш, бір жағынан толқу. Өйткені, мен енді үлкен өмірдің табалдырығында тұрмын. Арбада отырсам да болашаққа деген сенімім зор. Менің ең үлкен арманым – алған білімімді пайдаланып, қоғамға пайдалы азамат болу, жастарға үлгі көрсету. Қазір артқа көз жүгіртсем, студенттік жылдарым мені нағыз өмір мектебінен өткізгенін көремін. Қиындығы мен қуанышы араласқан бұл шақ мәңгі есімде қалады. Мен үшін студенттік жылдар – өмір мектебі ғана емес, үлкен арманға жетелейтін бастама болды. Бұл кезең маған жігер сыйлап қана қоймай, өмірге басқа қырынан қарауды үйретті. Қиындыққа берілмей, әрбір сәтті қадірлеуді, достықтың шынайы мәнін, білімнің құндылығын терең түсіндім. Сондықтан, қазіргі жастарға айтарым – студенттік шақтың әр күнін бағаландар. Бұл жылдар тек қана білім алу емес, өзінді табу, арманыңды айқындау, болашаққа қадам басу кезеңі. Мен өз жолымда арманнан бас тартпауға, білімге деген құштарлықты жоғалтпауға, әр сәттен мән табуға тырыстым. Болашақта осы тәжірибем мені жаңа белестерге жетелейді деп сенемін.

Әділхан НҰРСҰЛТАНОВ,
журналистика мамандығы
4 курс студенті+фото ватсап



ЕРАСЫЛ АНЕСОВ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДА ЖЕҢІМПАЗЫ!

Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен II Дәстүрлі спорт ойындарында (II Geleneksel Spor Oyunlari) Атырау облысының намысын қорғаған Ерасыл Әнесов ерекше нәтиже көрсетіп, Шалвар күресі бойынша I орын иеленді. Айта кетейік, шалвар күрес – түріктердің мерекелік ұлттық күрес түрі. Балуандар арнайы кең шалбар киіп, соның белінен не балағынан ұстап қарсыласын жығуға тырысады. Бұл спорт түрі түркі халықтарының ежелгі белдесу дәстүрінен бастау алады.

Аталған дода Түрік мемлекеттері ұйымының және Қырғыз–Түрік «Манас» университетінің ұйымдастыруымен өтті. Жарысқа түркі елдерінің үздік спортшылары қатысып, бап пен шеберліктің жоғары деңгейін көрсетті.

Бала күнінен күреске бейім болып өскен Ерасыл бүгінде спорттағы шеберлігімен ғана емес, өзінің табандылығы мен еңбекқорлығымен де ерекшеленеді. Ол спорттағы жетістіктерін университеттегі оқуымен қатар алып жүріп, өзінен кейінгі жас буынға үлгі болып келеді. Қазіргі таңда Ерасыл тек студент емес, сонымен бірге, жаттықтырушы ретінде де еңбек етіп жүр. Ол шәкірттеріне күрес өнерін үйретіп, салауатты өмір салтын насихаттап келеді.

Ерасылдың айтуынша, бұл жеңіс – тек жеке жетістік емес, туған жері мен оқу ордасының абыройын асқақтату жолындағы үлкен жауапкершілік. «Мен үшін бұл жеңіс – ел сенімін ақтаудың белгісі. Маған қолдау көрсеткен ұстаздарыма, бапкерлеріме және университет ұжымына алғысым шексіз» – дейді жас спортшы.

Гүлназ Төлеш,
журналистика мамандығының 3 курс студенті



Кеше – тарих, бүгін – мәртебе, ертең – болашақ

«Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» дейді халық даналығы. Менің бүгінгі мақтанышым – Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде оқып жүргенім. Бұл қасиетті қара шаңырақ биыл 85 жылдық мерейтойын атап өтті. Университет тарихы – ел тарихының, ұлт тағдырының айнасы. Өйткені, осында талай ұрпақ білім нәрімен сусындап, еліміздің ғылымы мен мәдениетіне өзіндік үлесін қосты.

Мен өз тәжірибемде осы білім ордасының берері мол екенін күнделікті сезінемін. Мысалы, түрлі ғылыми үйірмелерге қатысу арқылы тек теориялық білім емес, практикалық тәжірибе де жинақтадым. Психология сабағында «адамның ішкі әлемін түсінуге – ұстаздықтың биік шыңы» деген ойды талқыладық. Сол сәтте ұстазымыздың бағыт-бағдары, өзара пікір алмасу бізді жаңа ойларға жетеледі. Бұл – университеттің ең үлкен артықшылығы: студенттің ойлауын дамыту, пікірін құрметтеу. Өмірден алынған мысал ретінде айтарым: былтыр Атырау қаласында өткен республикалық студенттік ғылыми конференцияда біздің университеттің бірнеше студенті жүлделі

орын алды. Солардың арасында менің курстастарым да болды. Бұл бізге сенім беріп қана қоймай, «еңбектің түбі – береке» екенін дәлелдеді. Университет қабырғасында алған білім мен тәжірибе бізді үлкен сахналарға алып шықты.

Бүгінгі таңда жастардың алдында үлкен міндет тұр: елдің дамуына үлес қосу, жаңа идеялар ұсыну, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, жаһандық бәсекеге қабілетті болу. Университетіміз осы жолда бізге барлық мүмкіндікті беріп отыр. Біздің парызымыз – сол мүмкіндікті тиімді пайдалану. Әсіресе қазіргі қоғамда білім мен ғылымды ұштастыру, жаңалыққа ұмтылу – нағыз табыс кілті. 85 жылдық тарих – тек өткеннің естелігі емес, болашаққа бағытталған бағдаршам. Біз сол тарихты жалғастырушылармыз. «Туған жердің қадірін туған ұл ғана біледі» деген нақыл бар. Сол сияқты, университеттің қадірін ондағы әрбір студент, әрбір түлек біледі. Мен өзімді осындай ұлы тарихтың бір бөлшегі санағанымға қуанамын.

Сәлімгерей Дильназ,
401–1 журналистика



Менің микрофон ұстаған сәтім

Өз саламның үздігі болу үшін әрдайым ізденісте жүремін. Мен үшін теориялық біліммен қатар, оны тәжірибе жүзінде қолдану өте маңызды болды. Сол себепті мен өңірдегі жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының бірі «AtyrauTV» телеарнасының «Жаңалықтар» бөлімінде өзімнің жарқын әрі кемел болашағым үшін арнайы тәжірибеден өтіп жатырмын. Бұл өндірістік тәжірибеде мен телеарнаның ішкі асханасымен, бөлімдердің жұмыс ерекшелігімен таныстым.

Ең алғашқы күн... Дәлізде өзімнің болашақ ұстазымды күтіп тұрған сәт... Бойы ұзын, келбеті мен мүсіні үйлесім тапқан, жүзі суық Ақмарал Бисембай келді. Мені өзімен бірге «Жаңалықтар» бөліміне ертіп әкелген болатын. Ішінара болашақ әріптестеріммен де танысып үлгердім. Ең алғашқы күні журналист Лаура Кисметовамен сюжет жасауға жолға шықтық. Жанымызда оператор мен жүргізуші. Дәл осы қайталанбас сезім менің бала арманымның алғашқы қадамы екеніне іштей қуанып, әрі қарай жігерлі жұмыс істеуге деген құлшынысым арта түсті. Алғашқы аптам журналистермен бірге сұхбат алуға барып, оларды сырттай зерттеумен өтті.

Уақыт өте менің де өз кезегім келіп жетті. Алғаш рет оператормен бірге сюжет түсіруге бардық. Бұл сюжеттің тақырыбы – «Жастар тәуелділігінің алдын алу». Ішімде алай-дүлей толқыныс пен қорқыныш қатар алмасып жатыр, бірақ бұл сала салқынқандылықты сүйетін болған соң, білдіртпеуге тырыстым. Оператор Артур аға өзінің білікті маман екенін көрсетіп, маған қалай істеу керектігін, бағытын сілтеп жіберді. Алғашқы спикерімнің сөздері әлі күнге жадымда. Ішке келе сала сюжеттерімді монтаждауға кірістім. Синхрон, КСМ жазып та бастаған болатынымын. Жасаған жұмысымды шеф-редакторыма көрсетіп едім, «Біріншіге барады, бірақ қателіктер бар» деп менің қай жерден қателескенімді түсіндіріп берді. Әрине, қазір менің аятарлықтай көрерменім жоқ шығар, бәлкім, мен өте көп қателіктер жіберетін болармын, бірақ, бұл менің бұл салада болашағым жоқ дегенді білдірмейді. Менің тарапыма айтылған әрбір сын-пікір, саралы дана ой мен үшін жетістікке жетудің алғашқы қадамдары болып қала бермек.

Арайлым ҚҰМАР,
журналистика мамандығы, 302/1

Спортшы Ақнұр

Кейде өмір өз ойымыздан өзгеше өрбиді. Біріміз бала арманымызға жетсек, енді біріміз өмір жолында жаңа бағыт тауып, өз мүмкіндігімізді жаңа қырынан ашамыз. Сондай жандардың бірі – Ақнұр Нұрболатқызы. Ол Атырау облысы, Жылыой ауданының Құлсары қаласында дүниеге келген. Қазір Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 3-курс студенті. Ақнұр бала күнінен актриса болуды армандаған. Алайда өмір жолы оны басқа салаға жетеледі. Мектеп бітірер тұста спортқа қызығушылығы оянып, мүлде жаңа бағыт таңдауға бел буды.

«Басында спортқа деген ынтам болмады. Топтағы студенттерге қарап, өзімді әлсіз сезіндім. Тіпті «оқуға түсе алмай қалам ба?» деген ой да келді. Бірақ емтихан кезінде өз қабілетімді байқап, өзіме сенім пайда болды», – деп еске алады Ақнұр.

Университетке түскен соң ол өзін жаңа өмір салтына бейімдеді. Таңертең жүгіру, дұрыс тамақтану, денсаулыққа көңіл бөлу – бүгінде оның күнделікті дағдысына айналған. «Алғашында оңай болған жоқ, бірақ уақыт өте қозғалыс менің ең жақсы досыма айналды. Дене белсенді болған сайын сана да сергектене түседі ғой», – дейді студент қыз жымиып.

Қазір Ақнұр тек өз өмір салтын өзгертумен шектелмей, өзгелерге де үлгі болып жүр. Әлеуметтік желіде жаттығулар мен пайдалы кеңестерін бөлісіп, жастарды спортқа баулиды. Оның жазбалары көпшілікті салауатты өмірге шақырып, мотивация сыйлайды.

Жетістікке жету жолында оған үлкен қолдау көрсеткен адам – жаттықтырушысы. «Менің тренерім Құлсары қаласынан. Ол маған туған әпкедей жақын. Әрқашан «сенің қолыңнан келеді» деп демеу беріп отырды. Сол сенім талай сәтте қанат бітірді», – дейді Ақнұр ризашылықпен.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына орай



өткізілген дәстүрлі студенттер арасындағы жеңіл атлетика жарысында 800 метр қашықтықта қыздар арасында екінші орын иеленген, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығына арналған «Жылыой желаяғы – 2025» жеңіл атлетикалық жарысында бірінші орынды қанжығасына байлаған, Әмин Тұяқовтың жұлдесі үшін өткен жарыста үшінші орынға ие болған – біздің университетіміздің мақтанышы, жас спортшы Ақнұр Нұрболатқызы.

Ғайрелфанат Мұратова,
журналистика мамандығының
3курс студенті

Атырау университеті гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті бейнелеу өнері және дизайн мамандығы 2025 жылғы түлектерінің қолынан шыққан өнер туындылары – университет қорына қосылған құнды дүниелер қатарында. Бірге тамашалайық!



Студенттер «Qalam» журналын шығарды

Университеттің журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының 2 курс студенттері сеньюр-лектор, магистр Нұрғүл Нұрланқызының жетекшілік етуімен «Оқы, ойлан, шабыттан!» ұранын негізге алған студенттік «Qalam» журналын шығарды. Онда Атырау университетінің 85 жылдығына арналған мақалалармен қатар, журналистика, ЖИ саласына қатысты тың материалдар, лайхфактар, басқа да болашақ БАҚ өкілдерінің шығармашылығы көрініс тапқан. «Бұл басылым студенттердің шығармашылығы мен ғылыми ізденісін біріктіріп, жаңа идеяларға жол ашуды мақсат етеді. Бұл нөмір – тек ақпарат жинағы емес, жастардың дауысы. Мұнда әр ой, әр сөйлем шабыт пен үмітке толы. Біз білім мен ғылымды қызықты, заманауи және жастарға жақын форматта жеткізуге тырыстық» дейді бас редактор Дильназ Артурқызы.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Редакция:

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ж.Қалым
М.Сүлейменова
электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1387
Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 500 дана